

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАУЫМДАСТЫҚ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ:

БІЗ – ЕЖЕЛДЕН ЕНІШІСІ
БӨЛІНБЕГЕН АҒАЙЫН ЕЛМІЗ

«Ақорда» резиденциясында Қазақстанға мемлекеттік сапармен келген Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёевті салтанатты түрде қарсы алу рәсімі өтті. Президенттер шағын құрамда келіссөз жүргізді.

Ортақ мүдделер,
басым бағыттар

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Өзбекстан Президентіне ілтипат білдіре отырып, бұл сапар екі ел арасындағы ынтымақтастық пен одақтастықты дамытуға тың серпін беретінін айтты. Өз кезегінде Өзбекстан Президенті бұл кездесу екі халық арасындағы сан ғасырға жалғасқан достық және тату көршілік қатынастардың тінін нығайта түсіп, стратегиялық серіктестік пен одақтастық байланыстарды жаңа деңгейге көтеретініне маңыз берді.

Келіссөз барысында тараптар саяси, сауда-экономикалық, көлік-транзит, инвестиция, энергетика, ауыл шаруашылығы, су ресурстары, мәдени-гуманитарлық және өнеркәсіп кооперациясы салаларындағы ықпалдастықты одан әрі нығайту перспективаларын талқылады. Сондай-ақ, өңірлік және халықаралық күн тәртібіндегі мәселелерді қарастырды.

• Президенттер Қазақстан мен Өзбекстанның Жоғары мемлекетаралық кеңесінің бірінші отырысына қатысты.

Кеңес отырысында екі елдің сауда-экономика, көлік-транзит, су шаруашылығы және энергетика, мәдени-гуманитарлық салалардағы ынтымақтастығын кеңейтудің басым бағыттары талқыланды.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың пікірінше, қысқа уақыт ішінде өзара тауар айналымын бес миллиард долларға дейін жеткізіп, таяу жылдары бұл көрсеткішті екі еселеуге елдеріміздің әлеуеті жетеді.

– Ауыл шаруашылығы, машина жасау, энергетика, коммуникация, цифрландыру секілді перспективті салалардағы ынтымақтастық әлеуетін толық пайдалану маңызды. Бұл ретте қазақ-өзбек шекарасындағы «Орталық Азия» Халықаралық өнеркәсіп кооперациясы орталығын тезірек іске қосу қажет. Мемлекетаралық кеңес пен Өңіраралық ынтымақтастық форумының қызметінен де елеулі нәтиже күтеміз. Өңірлік кооперацияға зор үміт артамыз. Қазіргі кезде жалпы сомасы 3 миллиард доллардан асатын 70-ке жуық бірлескен жобамыз бар. Оның аясында 14 мың жұмыс орны ашылады. Біз бұл бағыттағы байланыстарды одан әрі нығайтып, бизнес үшін қолайлы жағдай жасауға әзірміз, – деді Президент.

Сонымен қатар, Қасым-Жомарт Тоқаев көлік-транзит артықшылықтарын барынша тиімді пайдалану маңызды екенін айтты. Бұл ретте Мемлекет басшысы тарифтерді оңтайландыру, әкімшілік рәсімдерді жеңілдету және жүк жеткізу мерзімін қысқарту жөнінде бірлескен шаралар қабылдау қажет екеніне назар аударды.

Бұдан бөлек, Мемлекетаралық кеңес отырысы барысында трансшекаралық өзендердің су ресурстарын кешенді әрі рационалды пайдалану, мәдени-гуманитарлық ынтымақтастықты нығайту мәселелері қозғалды.

Өз кезегінде Өзбекстан Президенті Қазақстанға жасаған бұл жолғы мемлекеттік сапарының нәтижесінде стратегиялық серіктестік пен одақтастық мүддем жаңа деңгейге көтерілетініне сенім білдірді.

– Бүгін біз Жоғары мемлекетаралық кеңестің бірінші отырысын ашып отырмыз. Бұл, шын мәнінде, екіжақты қатынастар тарихындағы айтулы оқиға. Бүгінгі келіссөздер біздің нақты бағыттар бойынша ынтымақтастығымызды одан әрі кеңейтуге, сондай-ақ достас әрі бауырлас халықтарымыздың өсіп-өркендеуіне ықпал ететініне сенімдімін, – деді Шавкат Мирзиёев.

Бауырлас халықтардың
ортақ игілігі

• Қасым-Жомарт Тоқаев Өзбекстан Президентіне Қазақстан Республикасының ең жоғарғы мемлекеттік наградасы – «Алтын Қыран» орденін табыс етті. Сондай-ақ, Президенттер бірқатар нысанның ашылу салтанатына қатысты.

Ақордада бейнебайланыс режимінде Қазақстан мен Өзбекстан Президенттерінің қатысуымен Мұхтар Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан зерттеу университетінің Алматы қаласындағы филиалының, сондай-ақ «Ташкент ирригация және ауыл шаруашылығын механикаландыру инженерлері институты» Ұлттық зерттеу университетінің Алматы қаласындағы филиалының ресми ашылу салтанаты өтті. Мемлекеттер басшыларына жаңа филиалдардың қызметі туралы бейнеролик көрсетілді.

Бұдан соң Президенттер Қытай – Қазақстан – Өзбекстан бағытындағы контейнерлік пойыздың Сианьнан Ташкентке келуіне орай ұйымдастырылған салтанатты шараға қатысты. Биылғы сәуір айында Хиуа қаласында Қытай – Қазақстан – Өзбекстан бағытында жүк тасымалын ұйымдастыру және Транс-Ауған бағытын дамыту бойынша уағдаластықтарға қол жеткізілген болатын. Соның шеңберінде жүктерді жеткізу мерзімі қысқарды. Контейнерлі пойыз 4486 шақырым жолды 5 тәуліктің ішінде жүріп өтті. Бұл – рекордтық көрсеткіш. Жүк пойызы Сиань қаласындағы порттан Қазақстан аумағы арқылы Ташкентке жөнелтілді. Еліміздің Қытайдағы терминалдарының мүмкіндіктерін пайдалану және Қазақстан мен Өзбекстанның теміржол әкімшіліктерінің шекара маңындағы инфрақұрылымды нығайту бойынша нәтижелі ынтымақтастығы тасымалдау мерзімін қысқартуға ықпал етті. Былтыр екі ел арасындағы жүк тасымалының көлемі 31 миллион тоннадан асып, 2022 жылмен салыстырғанда 17,2 пайызға ұлғайды.

Қазақ-өзбек
ынтымақтастығының
өзекті мәселелері

• Шағын құрамдағы келіссөз бен Мемлекетаралық кеңес отырысынан кейін Қасым-Жомарт Тоқаев пен Шавкат Мирзиёев бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері үшін бірлескен мәлімдеме жасады.

Президент Өзбекстан басшысының мемлекеттік сапарын екі елдің ынтымақтастығын нығайту жолындағы маңызды қадам ретінде бағалап, Қазақстан мен Өзбекстанның ежелден іргесі бөлінбеген ағайын ел екенін атап өтті.

– Бүгін біз өзара қолдау және сенім рухында нәтижелі келіссөздер жүргіздік. Қарым-қатынасымызды жандандыруға мүдделі екенімізді тағы да атап өттік. Сондай-ақ, Стратегиялық әріптестікті және одақтастықты

дамыту бағдарламасын қабылдадық. Бұл құжат алдағы он жылға арналған. Басты мақсат – достығымызды арттырып, сан түрлі саладағы тиімді байланысты дамытуға тың серпін беру. Сапар аясында Жоғары мемлекетаралық кеңестің алғашқы отырысы өтті. Онда қабылданған шешімдердің стратегиялық маңызы өте зор. Кеңес барысында қазақ-өзбек ынтымақтастығының өзекті мәселелері жөнінде пікір алмастық. Өзара серіктестікті нығайта түсудің тиімді жолдарын айқындадық. Нақты келісімдерге қол жеткіздік, – деді Президент.

Келіссөздер қорытындысы бойынша Қасым-Жомарт Тоқаев пен Шавкат Мирзиёев Бірлескен мәлімдемеге, Қазақстан Республикасы мен Өзбекстан Республикасы Жоғары мемлекетаралық кеңесінің қазақ-өзбек екіжақты ынтымақтастығын одан әрі дамыту жөніндегі шешіміне, Қазақстан Республикасы мен Өзбекстан Республикасы Жоғары мемлекетаралық кеңесінің Сыртқы істер министрлері кеңесі туралы ережені бекіту жөніндегі шешіміне қол қойды. Сонымен қатар, Өзбекстан Президентінің елімізге мемлекеттік сапары аясында бірқатар маңызды құжаттарға қол қойылды.

Елорда төрінде
Әлішер Науаидың
еңселі ескерткіші бой көтерді

• Қасым-Жомарт Тоқаев пен Шавкат Мирзиёев Астанадағы Әлішер Науаи ескерткішін салтанатты түрде ашты.

Мемлекет басшысы елорда төрінде ұлы ақын, көрнекті ойшыл Әлішер Науаидың еңселі ескерткішінің бой көтеруі, әл алдымен, қазақ жұртының өзбек халқына деген ерекше ықыласының белгісі екенін айтты. Түркі әдебиетінің көкжиегін кеңейтіп, оны әлемдік деңгейге көтерген Әлішер Науаидың туындылары мен еңбектерін қазақ халқының көрнекті қайраткерлері жоғары бағалағанын жеткізді. Әлішер Науаидың тарихта талантты мемлекет қайраткері, ғылым мен өнердің қолдаушысы ретінде қалғанын атап өтті. Сонымен қатар, ол өзінің зор абырой-беделін білім мен мәдениетті насихаттауға жұмсап, көптеген медреселер мен кітапханалардың салынуына ұйытқы болғанын айтты. Бұл ескерткіш түбі бір түркі жұртының ғасырлар бойы жалғасып келе жатқан бауырластығын сипаттайтынын, осы сабақтастықты сақтап, нығайта түсу баршамызға ортақ міндет екенін атап өтті.

– Біз – ежелден еніісі бөлінбеген ағайын елміз. Жұртымызды біріктіретін ортақ құндылықтар көп. Тарихымыз бен тіліміз – тамырлас, дініміз – ортақ. Екі ел арасындағы бауырластық байланыстың өзіндік дәстүрі қалыптасқан. Бұл ретте Әлішер Науаидың алатын орны ерекше. Мұхтар Әуезов «Әлішер Науаи жалғыз өзбек әдебиетінің көлемінде қалған жоқ. Бертін келе Азиядағы, Шығыстағы көп елдің әдебиетіне әсер етті» деген. Біз ұлы ақынның мұрасын күллі түркі жұртының рухани қазынасы деп

● ДЕРЕК және ДӘЙЕК

• Орталық Азиядағы саудасаттық бойынша ең ірі серіктестер өзара тауар айналымын таяу арада 5 миллиард, кейін 10 миллиард долларға дейін жеткізуді мақсат етіп отыр.

• Қазақстан Өзбекстанға шығаратын экспортты 550 миллион долларға арттыра алады, яғни өңделген тауардың тағы 40 түрі бойынша экспорт жасауға мүмкіндік бар.

• Өнеркәсіп саласындағы жаңа әрі ауқымды жобаларды қолға алу мәселесіне айрықша мән берілді. Қазір жалпы құны 3 миллиард доллардан асатын 70-ке жуық жоба бар. Машина жасау, металлургия, автокөлік құрастыру, тұрмыстық техника өндіру, тоқыма өнеркәсібі, фармацевтика және басқа да бағыттағы жобалар табысты іске асырылып жатыр. Мұның бәрі екі елге 14 мыңнан астам жаңа жұмыс орнын ашуға мүмкіндік береді.

• Екіжақты келіссөз барысында талқылانған тағы бір маңызды тақырыптың бірі – көлік-логистика саласындағы ынтымақтастық. Транскаспий бағытын және Солтүстік – Оңтүстік дәлізін тиімді пайдалану жайы талқыланды. Шекарада жаңа өткізу бекеттерін ашу мәселесі пысықталды.

санаймыз. Біз Шоқан Уәлихановтың Әлішер Науаи шығармашылығын алғаш зерттеушілердің бірі болғанын мақтан тұтамыз. Ал ұлы Абай оны өзіне ұстаз санаған. Әлішер Науаидың өзіне тән қолтаңбасы, ойының тереңдігі және көркемдік шеберлігі күллі әлем ақындары мен жазушыларына шабыт сыйлады. Бұл үрдіс әлі де жалғасып келеді. Науаи соңында әдеби ғана емес, бай философиялық мұра қалдырды. Оның гуманистік идеялары әлемнің ақыл-ой қазынасында ерекше орын алады. Ойшылдың дүниетанымы мен терең қозғарысын айшықтайтын трактаттары осы уақытқа дейін өзектілігін жойған жоқ, – деді Мемлекет басшысы.

Өз кезегінде Шавкат Мирзиёев Қасым Жомарт Тоқаев пен Қазақстан халқына алғыс айтып, ұлы ойшылдың шығармашылығы ортақ қазына деп бағалады.

– Өзбек пен қазақ туысқан халық. Екі елдің тарихы, мәдениеті, салты мен дәстүрі бір. Біз мұны қастер тұтамыз. Қазақтың көрнекті ақыны, марқұм Несіпбек Айтұлы 2020 жылы Әлішер Науаидың ең басты еңбегі «Хамсаны» қазақ тіліне аударып, жарыққа шығарғанын ерекше ықыласпен айтқым келеді. Ал бұл шығарманың алғысөзін Қазақстан Президентінің өзі жазғаны бізге зор қуаныш сыйлайды, – деді Өзбек елінің басшысы.

Салтанатты іс-шараға Қазақстан мен Өзбекстанның ресми делегация мүшелері, сондай-ақ екі елдің зиялы қауым өкілдері қатысты.

Бүгін Қасым-Жомарт Тоқаев пен Шавкат Мирзиёев Орталық Азия мемлекеттері басшыларының VI Консультативтік кездесуіне қатысады.

● БЕТ ҚАТТАЛЫП ЖАТҚАНДА

Астанаға Орталық Азия мемлекеттері басшыларының VI консультативтік кездесуіне қатысу үшін Әзербайжан Президенті Ильхам Әлиев, Қырғызстан Президенті Садыр Жапаров, Тәжікстан Президенті Эмомали Рахмон келді. Сондай-ақ, елордада «Орталық Азия + Жапония» диалогы мемлекеттері басшыларының бірінші саммиті өтеді.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».
(Дереккөз: www.akorda.kz)



САРАПТАМА

«Орталық Азия + Жапония» саяси платформасы:

КАЙДЗЕН ДИПЛОМАТИЯСЫ

Орталық Азия мен Қиыр Шығысты жақындата ала ма?

Жаһандық саясаттың бағыты бүгінде күн санап өзгеруде. Алып державалар арасындағы мүдделер қақтығысы мен геосаяси текетірестер аясында халықаралық саясаттың ауаны сәт сайын құбылуда. Десе де, соңғы отыз жылда Қиыр Шығыс пен Орталық Азия елдері арасындағы байланыс өзара прагматикалық негізде дамып, институционалдық тұғыры берік қалыптасты.

Астана қаласында «Орталық Азия + Жапония» Диалогының бірінші саммиті өтеді. Жапон басшысы, бас қаламыздың төрінде «Орталық Азия + Жапония» формуласы шеңберінде Орталық Азия мемлекеттері басшыларының алтыншы консультативтік кеңесіне қатысады. 10 тамыз күні Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев пен Жапония Премьер-министрі Фумио Кишида екіжақты келіссөздер жүргізеді деп жоспарланып отыр. Мәртебелі мейман 9-12 тамыз аралығында Өзбекстан, Қазақстан, Моңғолия елдерін араламақ. Бұл сапар Орталық Азия елдері мен Жапония арасындағы байланысты маңызды деңгейге шығарары сөзсіз. Жапонияның елімізбен және тұтас Орталық Азия елдерімен байланысының бүгінгі мен болашағын талдап көрелік.

• Жапония үшін Орталық Азия біртұтас аймақ ретінде ауқымды шикізат көзі мен Ресейді айналып өтетін, Азия мен Еуропаны жалғайтын логистикалық хаб ретінде өте маңызды. Аймақ елдері үшін жапониялық инновациялық технология мен ғылыми өндіріс саласы әріптестік орнатудың негізгі саласына айналмақ.

Жапондық бизнес философиясы

Жапондық бизнес философиясында кайдзен ұғымы, өндірістік процестерді ғана емес, өмірдің барлық саласын үздіксіз жетілдіруді, прагматикалық негізді дамытуды білдіреді. Бизнес саласында артық шығынсыз, жоғары сапаға қол жеткізу – кайдзен философиясының өзегі. Жапонияның Орталық Азия елдерімен байланысы да тап осы кайдзен тұжырымдасына негізделіп алынғандай. Себебі, бүгінде АҚШ, Оңтүстік Корея, Еуропалық Одақ, тағы да басқа елдермен қалыптасқан «C5+1» формуласына негізделген дипломатиялық байланыстың негізін алғаш болып Жапония қалыптастырған. Жиырма жыл бұрын, 2004 жылы «Орталық Азия + Жапония» дипломатиялық алаңы қалыптасты. Формат шеңберінде ынтымақтастықтың негізгі бағыттары – саяси диалог, өңіршілік ын-



(Дереккөз: www.akipress.kg)

Бүгін елімізге Жапония Премьер-министрі Фумио Кишиданың ресми сапары басталады.

тымақтастықты дамыту, бизнесті қолдау, зияткерлік диалог, мәдени байланыстар және адами капиталды нығайту мәселелері қарастырылған. «C5+1» формуласының басты ерекшелігі Орталық Азия елдерін біртұтас аймақ ретінде қабылдау. Бұл формуланың аясында біріншіден Орталық Азия елдері арасында ортақ құндылықтар жүйесі, аймақтық мүдде қалыптасса, екіншіден, «C5+1» формуласы Орталық Азия елдерінің аймақтан тыс мүдделес тараптармен диалог орнатуда бірегей институт ретінде қалыптасты. Жапония негізін қалаған «C5+1» формуласы Орталық Азия елдерінің бірегей аймақ ретінде Ресей, АҚШ, ЕО, ҚХР елдерімен аймақтық қарым-қатынас орнықтыруының дара жолын салды.

Бірегей геосаяси ұстаным

Жапония ежелден Азия аймағында өзінің бірегей геосаяси ұстанымымен ерекшеленіп келе жатқан ел. Бүгінде тек Азия Тынық мұхиты аймағында ғана емес, тұтас Еуразия даласында белді саяси ойыншыға айналды. Орталық Азия аймағы соңғы жылдары көптеген саяси мүдделі тараптар үшін жоғары саяси маңызға ие аймаққа айналды. Оның үш себебі бар. Біріншіден, Орталық Азияның бай табиғи ресурстары жапондық өндіріс үшін жоғары сұраныс тудырып отыр. Жапония үшін табиғи газ, мұнай өнімдерінен бастап өндіріске қажетті шикізат көздерін Орталық Азия аймағынан тасымалдау тиімді болып отыр. Екіншіден, соңғы жылдары Ресей мен Украина арасындағы саяси шиеленістің кур-

деленіп, Азия мен Еуропа арасын жалғайтын сауда жолының Каспий теңізі алаңына ауысуы тек Жапония үшін ғана емес, Оңтүстік Корея, ҚХР және т.б. елдер үшін аймақтың логистикалық әлеуетін арттырды. Сондықтан бүгінде Жапония үшін Орталық Азия аймағы «Азияның батысқа терезесі» қызметін атқарып отыр. Үшіншіден, қазіргі таңда Орталық Азия елдерімен тиімді, өзара сенімге негізделген қарым-қатынас қалыптастыруда «мүдделі тараптар» аясында өзара бәсеке қалыптасып отыр. Мысалы, Жапонияның аймақтағы белсенділігі 2013 жылы Қытай тарапынан «Бір жол, бір белдеу» экономикалық жобасының жарияламынан кейін еселеп артты. Бүгінде Жапония мен Орталық Азия елдері арасындағы байланыс тек шикізат көзі деңгейінде емес, сонымен бірге қоғамдық дипломатия, инновация, ғылым, мәдениет және т.б. маңызды салаларда қанатын кеңге жаюда. Мысалы, КазИнвест компаниясының мәліметінше, соңғы 18 жылда жапониялық компаниялар Қазақстанға 7,8 млрд АҚШ долларынан астам инвестиция құйған. Ресми деректерге сәйкес, Қазақстан мен Жапония арасындағы тауар айналымы 2023 жылы 2,1 миллиард долларға жеткен. Қазақстанның Жапонияға экспорты 600 миллион долларға жетсе, импорты 1,5 миллиард доллардан асады.

Жаңа экономикалық қолдау бағдарламасы

Жапония мен Қазақстан арасында бүгінде дәстүрлі салалардан бөлек жасыл экономика, логистика саласындағы цифрландыру, ғылымға негізделген экономика

сында жаңа салалар қалыптасуда. Ресми Токио тарапынан таратылған мәлімет бойынша, Жапония Премьер-министрі Фумио Кишиданың Орталық Азияға сапары аясында аймаққа жаңа экономикалық қолдау бағдарламасы жарияланып, Орталық Азиялық азаматтар үшін Жапонияда еңбек ету мүмкіндігі қарастырылатын болады.

Орталық Азия елдерінің Жапониямен сауда айналымы бойынша импорт пен экспорт арасында алшақтық көп. Экспорт көлемі негізінен шикізат өнімдері болса, сауданың басым бөлігі импортталатын дайын өнімдер. Десе де, табиғи ресурстар мен ауқымды әлеуетке ие Орталық Азия елдері үшін жапониялық инновациялық технологияларды жергілікті жағдаятқа тиімді енгізу – аймақ елдері үшін стратегиялық міндет болып отыр. Орталық Азия елдері мен Жапония арасындағы байланысты көп жағдайда «C5+1» формуласымен анықтағанның өзінде, Жапониямен жекелеген Орталық Азия елдерінің байланысы әртүрлі деңгейде. Жапония Премьер-министрінің кезекті сапары аясында ел астанасында аймақ елдеріне ортақ біршама маңызды экономикалық бағдарламалар жарияланары сөзсіз.

Жапония мен еліміз арасындағы байланыстың беки түсуінің кезекті бір маңызды саласы – қоғамдық дипломатия. Яғни азаматтардың арасындағы мәдениет, ғылым мен білім, бизнес салаларындағы байланыстың беки түсуі.

Нұрболат
НЫШАНБАЕВ,
сарапшы.





САРАПТАМА

ОРТАЛЫҚ АЗИЯ

Әлемдік саясатта жеке ойыншы ретінде танылуы тиіс

(Басы 1-бетте. Жалғасы)

Максат – жаһандық деңгейдегі жаңа орталыққа айналу

Ресми дерекке сүйенсек, БҰҰ-ға 193 мемлекет мүше. 1945 жылы құрылғаннан бері оның құрамы үнемі өзгеріске ұшырады. Қазақстан 1992 жылы 2 наурызда мүше атанды. Біз сияқты 192 мемлекет бар. Бес саусақ бірдей емес. Сондықтан бәрінің даму деңгейі әртүрлі. Экономикалық дамыған, дамушы және үшінші әлем елдері бар. Сондай-ақ, ірі, орта және шағын держава қатарына кіретін мемлекеттер бар.

Бұдан бөлек, саяси-құқықтық ықпалы басым БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесі бар. Оған АҚШ, Ұлыбритания, Франция, Қытай және Ресей кіреді. Осындай күрделі халықаралық қатынастар жүйесінде жеке-дара ұлттық мүддені қорғау, әлемдік саясатқа ықпал ету мүмкін емес. Сондықтан Қазақстан мен өзге Орталық Азия елдері бірлесіп әрекет етуге ұмтылуда. 2018 жылдан бері Орталық Азия мемлекеттері басшыларының Консультативтік кездесуі өтіп келеді. Бұл ортақ мәселелерді саяси диалог арқылы шешуге мүмкіндік береді.

Мемлекет басшысы мақалада аймақ басшыларының қатысуымен өтетін саммиттің жаңа даму кезеңі жайлы сөз қозғады. Әр кезең бес мемлекеттің бір рет төрағалық етуімен аяқталады. Кезеңдер келесідей:

- Бірінші кезең: 2018–2023 жылдар.
- Екінші кезең: 2024–2028 жылдар.

Алғашқы кезеңде Консультативтік кездесудің институционалды негізі қаланды. Маңызды құжаттар қабылданды. 2019 жылы Ташкенттегі кездесуде Қазақстан «XXI ғасырда Орталық Азияны дамыту үшін Достық, тату көршілік және ынтымақтастық туралы» шартқа қол қою,

сондай-ақ өңір елдерінің Қауіпсіздік кеңестері хатшыларының тұрақты кездесуін өткізу қажеттігі туралы ұсыныс білдірді. 2022 жылы Шолпан-Атада өткен кездесуде атылмыш шартқа қол қою үдерісі басталды.

Ал енді жаңа даму кезеңінде аймақтың рөлін бекітіп алу керек. Осыған орай Қасым-Жомарт Тоқаев: «*Орталық Азияны Еуропа мен Азияның арасындағы көпір ретінде ғана емес, халықаралық қатынастар саласында жаһандық деңгейдегі жаңа орталыққа айналуға қабілетті жеке ойыншы ретінде танытатын уақыт келгеніне сенімдімін*», – деп жазды мақалада. Қазақстанды, аймақты көпір ретінде ғана тану патша өкіметі мен кеңестік идеологияның сарқыншағы екені көпшілікке беймәлім. Енді бұл көзқарасты өзгерту қажет. Болашақта Консультативтік кездесу одан да жоғары деңгейге көтерілері сөзсіз.

Ренессансқа не әсер етті?

«Ренессанс» әдетте рухани, мәдени-тарихи тұрғыдан айтылатын ұғым. Мемлекет басшысы бұл ұғымды кең мағынада қарастырып, саяси сипатты да қосып отыр. Орталық Азияның ренессансына қандай саяси факторлар әсер етті? Бұл факторларды ішкі және сыртқы деп бөлуге болады.

Ішкі фактор ретінде аймақ елдеріндегі билік транзитін айтамыз. 2016 жылдан бері Орталық Азияда саяси билік алмасу үдерісі басталды. Саяси өзгеріс Өзбекстаннан басталды.

Ал сыртқы факторға Еуразиядағы геосаяси қақтығыстар кіреді. Бұл Украина және Ресей, Таяу Шығыстағы геосаяси текетірістер. Мұның бәрі әлемдік деңгейдегі ойыншылардың аймағымызға қызығушылығын оятты. Осы орайда «Орталық Азия плюс» форматындағы жаңа диалог алаңдары пайда

болды. Осыған дейін мұндай форматта 9 саммит және жоғары деңгейдегі кездесу өтті. Соңғы екі жылда «ОА – РФ», «ОА – ҚХР», «ОА – АҚШ», «ОА – ГФР» бірінші саммиттері, «ОА және ЕО» екі кездесуі, «ОА – ПШАМЫК» бірінші саммиті, сондай-ақ «ОА – Үндістан» саммиті өткізілді. Биыл Астанада алғаш рет «ОА – Жапония» саммиті өтеді.

Жаңа бесжылдық басталмақ

Қазақстан Орталық Азия елдерінің интеграциясының жаңа кезеңінің басталуына түрткі болды. Еліміздің Президенті мақаласында алдағы бесжылдыққа мынадай міндеттерді атқаруды ұсынды:

1. Орталық Азияда ғана емес, іргелес жатқан аймақтарда да бейбітшілік пен тұрақтылықты сақтау. Яғни қауіпсіздік негізгі мәселе ретінде қала бермек. Алайда, енді аймақтың ішінде ғана емес, сыртында да қауіпсіздік белдеуін қалыптастыруды жоспарлауда.

2. Экономикалық әлеуетімізді одан әрі арттыру, ықпалдастықты тереңдету. Бірінші кезеңде өзара сауда айналымы екі есе өскен. Бұл қарқынды жосалтып алмау керек.

3. Өңірді жер жүзіндегі ең маңызды көлік-логистика және транзит хабтардың біріне айналдыру. Алтынышы кездесуде Астана осы мәселеге ерекше назар аударып отыр.

4. Су, энергетика және азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ететін ортақ ұстанымдарды әзірлеу. Су және энергетика саласы аймақ елдері арасындағы маңызды мәселе. Осы бағытта жұмыс жалғаса бермек. Оған қоса, азық-түлік қауіпсіздігі бойынша да жұмыс жалғасын таппақ.

5. Орталық Азияның ең маңызды және ең құнды ресурсы – білімді жас ұрпақ. Аймақ елдері білім беру саласында ынтымақтастықты нығайтпақ.

6. Бауырлас халықтардың мәдени-гуманитарлық байланыстарын үйлестіру негізінде елдеріміздің өркениеттік бірегейлігін қалыптастыру.

Пердехан ШӘМШИЕВ,
сарапшы.

Таяу Шығыс:

АЛЫС АЙМАҚ АЛАҢДАТАДЫ

Қақтығыстың қашан бұрқ ете түсері беймәлім...



ғысқа тарту деген көзқарасты айтқан болатынбыз. Мінеки, бүгін осы болжам расқа айналғандай. Иранның соғысқа тікелей араласуы бұл жаһандық геосаяси жағдайды тіпті де терең соғыс шырмауына батырады. Әрі бұдан әлемдік экономика, әсіресе энергетика мен жеткізу тармақтары ауыр зардапқа ұшырайды. Қазірдің өзінде Қызыл теңіз сауда кемелері үшін қауіпсіз емес, бұған энергетика

Қақтығыстың қашан бұрқ ете түсері беймәлім. Бәлкім, қауіптің білгесі осы сараптама дайындалып жатқан кезде тұтанып кете ме екен, әлде сіз осы мақаланы оқып отырған кезде Иран зымырандары Тель-Авивке қарай ұшып бара жатар ма екен? Өткенде америкалық AXIOS ақпараттық сайты Иранның қарсы жауабы 48 сағат ішінде жасалуы мүмкін деген мәлімет таратты. Егер бұл мәлімет шыққан уақытпен есептегенде кеше, 8 тамыз Орта Шығыста жаңа майдан ашылатын еді. Дегенмен, біз осы материалды дайындап жатқанға дейін әлемдік ақпарат кеңістігінде ауқымды қақтығыс туралы мәлімет шыға қоймады. Бағып қарасақ, бар тараптың аузында аты жаман соғыстың болатыны туралы қаңқу көп. Соның өзін бір жамаандықты шақырып тұрғандай. Әдетте, АҚШ, Британия, Түркия секілді елдердің барлау қызметтері кейбір күтпеген оқиғалардан да алдын ала хабардар болып отыратыны бар. Осы және өзге елдердің өз азаматтарын Ливаннан тез арада шығып кетуге шақыруы да Ливан шекарасы ішінде қандай да бір қауіпті әскери қақтығыстың болатынын көрсетеді.

Қақтығыс Ливанда бола ма?

Ливан Израильмен шекараласып жатқан ел. Ондағы ықпалды «Хезболла» ұйымы ХАМАС-ты тұрақты қолдаушы күштердің бірі. Әрі аймақтағы Иран қолдауындағы шиіттік күштердің арасындағы ең қуатты күшке иесі де осы ұйым. ХАМАС лидері өлтірілген уақытта «Хезболла» ұйымының да жоғары жетекшілері Израильдің шабуылынан қаза тапты. Ал Ханияның Иранда, соның өзінде жаңа

президентті ұлықтау рәсімі қарсаңында өлтірілуді, онымен бір уақытта тағы бір шиіттік күштерге ауыр соққы жасалуы аймақтағы жағдайды шиеленіске келіп тіреді. Бұның бәрі шынгуайтында Иранның аймақтағы ықпалы мен беделіне қарсы ауыр соққы болды. Орта Шығыста басты ойыншы ретінде саналатын Иран өзіне қарсы бұндай кең көлемді әрекетті жауапсыз қалдырмасы анық. Әрі көптеген сарапшылар Иранның қарсы жауабы жеке дара болмайтынын, Газа мен Ливандағы, тіпті Ирак пен Йемендегі өзі қолдайтын күштермен бірлесе жауап беруі мүмкін деп болжануда. Мүмкін Тегеран қолдауындағы барлық күштердің Израильге қарсы әрекеті бір уақытта жасалуы да ғажап емес. Осы ықтимал қақтығыс уақытында Ливан жері ең негізгі рөлді ойнауы мүмкін екені де айтылуда. Израильмен шекараласып жатқан елден тікелей әуе соққылары барынша пәрменді болары анық. Бұны Иран жағы ескермей қалмайды.

Дүние дүрбелеңге түсті

Аптаның алғашқы күні АҚШ президенті Джо Байден Таяу Шығыстағы қақтығыс қаупіне байланысты шұғыл жиын өткізді. Онда ол қорғаныс күштерімен бірге Израильге шабуыл жасаған жағдайда оған қалай қолдау көрсетуге болатынын талқылаған. Осымен бір уақытта АҚШ-тың кейбір теңіз күштері аймаққа қарай жақындай түсті. Құрлықтағы кейбір әскери базаларында шұғыл дайындық жұмыстары басталып, әскери

техникалар да жеткізіліп жатқаны туралы хабар тарады. Бұны Ақ үй өкілі Құрама Штаттардың аймақтағы өз мүддесін қорғау үшін де жасап жатқан шаралары екенін айтқан.

Әлбетте, егер Израильге қарсы шабуыл жасалса оның негізгі қолдаушы одақтасы – АҚШ-тың әскери қолдауы болмай қоймайды. Бұндай қолдау бұған дейін де болған. Өткен жолы ғана Иран өз шекарасынан алғаш рет Израильге қарата әуе шабуылын жасаған кезде де аймақтағы АҚШ пен Британ әуе қорғаныс техникалары Иран зымырандарын атып түсірген болатын. Бұл жолы АҚШ-тың кейбір әскери базаларына да шабуыл болуы мүмкін деген болжамдар бар. Тіпті, сейсенбіге қараған түні Ирак жеріндегі АҚШ әуе базасына шабуыл жасалып, бірнеше америкалық жауынгердің жараланғаны айтылды.

Ал АҚШ-тың қазіргі бас дипломаты Блинкен «Үлкен жетілік» мүшелерінің СІМ басшыларымен мәселені талқылады. Ол мәлімдемесінде қақтығысты мүмкіндігінше болдырмаудың барлық дипломатиялық іс-әрекеті жасалып жатқанын жеткізген болатын. Әбігерге түскен АҚШ қана емес, дүние дүрлігісіп қалды. Себебі, Таяу Шығыста ауқымды қақтығыстың басталуы бұл жаһандық жағдайға салмақты теріс әсерін тигізеді анық.

Ықтимал әсері қандай?

Әу баста ХАМАС пен Израиль арасындағы жойқын қақтығыстың шығуы Иранды со-

Естай БОЖАН,
сарапшы.



«ЖАЙЛЫ МЕКТЕПТЕР»

барлық орта білім беру жүйесі үшін «негізгі стандарт» болуы тиіс

Күні кеше Үкімет отырысында еліміздегі білім беру мекемелерінің жаңа оқу жылына дайындық мәселесі қаралды. Еліміздегі мектептердің, колледждер мен жоғары оқу орындарының жұмысы жаңа бәсекелестік деңгейге шығарылатын болады. Олжас Бектенов білім беру инфрақұрылымының және бүкіл оқу процесінің жаңа оқу жылына толық әзірлігін қамтамасыз етудің маңызды екенін, бұл жұмысқа салғырт қарауға болмайтынын баса айтты. Пайдалануға берілгеннен кейін мектептерді бала қабылдауға дайындау үшін де үлкен жұмыс атқарылатыны атап өтілді. Ғимараттарға, оқу кабинеттеріне, асханаларға қойылатын барлық қауіпсіздік шарттарын, санитариялық-эпидемиологиялық және өртке қарсы талаптарды орындау қажет. **«Жаңа оқу жылы қарсаңында мемлекеттік қолдауға мұқтаж балаларға материалдық және әлеуметтік көмек көрсетілуге тиіс. Биыл 500 мыңнан астам бала үшін 22 млрд теңгеден астам бюджет қаражаты көзделген. Әкімдіктер мектеп формасы мен керек-жарақтарды сатып алу үшін қаражаттың ата-аналарға уақытылы жіберілуін қамтамасыз етсін»,** – деді Үкімет басшысы.



(Дереккөз: dktnews.kz)



(Дереккөз: dktnews.kz)

ТАЛАП-МІНДЕТТЕР:

- Балаларды 1-сыныпқа қабылдау процесін дұрыс ұйымдастыру және мемлекеттік қолдауға мұқтаж балаларға әлеуметтік көмек көрсету;
- Бұрын балабақшаларға бармаған болашақ бірінші сынып оқушыларына көбірек көңіл бөлу мақсатында мектепке дейінгі мекемелердегі консультациялық пункттердің қызметін жандандыру;
- Барлық мектептерде заманауи пәндік кабинеттер ашу үшін өңірлер әкімдіктері Оқу-ағарту министрлігімен бірлесіп, кешенді жаңғырту жұмыстарын уақытылы қамтамасыз етуі қажет.
- Өңір әкімдері білім беру ұйымдарын лицензияланған күзетпен, турниктермен, жедел басқару орталықтарына қосылған камералармен жабдықтауға міндетті.
- 1 қыркүйектен бастап 1,7 млн бастауыш сынып оқушысы мен мемлекеттік қолдауға мұқтаж, әлеуметтік осал санаттағы балалар тегін тамақпен қамтылмақ.
- Тамақтану сапасы және санитариялық-эпидемиологиялық қауіпсіздіктің қамтамасыз етілуі, барлық мектептердің оқулықпен толық қамтамасыз етілуі ерекше бақылауға алынбақ.

«**Алматы қаласында «Жайлы мектеп» ұлттық жобасын іске асыру аясында заманауи жабдықтармен жабдықталған жаңа құрылыс стандарттары бойынша 36,8 мың орынды 22 мектеп салу жоспарланған. Оның ішінде 32,8 мың орынды 20 мектепті пайдалануға беру ағымдағы жылдың соңына, 4 мың орынды 1 мектепті пайдалануға беру – 2025 жылға жоспарланып отыр.**

«**Алматыда 2024 жылғы 1 қыркүйекке дейін 4,1 мың орынға арналған 3 мектеп пайдалануға берілетін болады. Олар: 600 орынды №97 мектеп; «Нұрлы Дала» ТК аймағындағы Райымбек даңғылы бойындағы 1500 орынды мектеп; «Теректі» ықшамауданындағы 2000 орынды мектеп.**

раптама қорытындысы бар. Қазіргі таңда барлық құрылыс нысандары бойынша инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды жүргізу жұмыстары басталған. Жеке инвесторлардан сатып алу жоспарланған 8 мектеп және мемлекеттік-жекешелік әріптестік аясындағы 1 мектепке инженерлік-инфрақұрылым жүргізу жоба аясында көзделген.

Мектептер құрылысының барысына келсек, «Samruk Kazyna Construction» АҚ 13 нысан бойынша құрылыс-монтаждау жұмыстарын жүргізуде: 9 нысан бойынша құрылыс 3-қабат деңгейінде аяқталған, 3 нысанда 2-қабат деңгейінде, қалған 1 нысан бойынша (Рысқұлов–С.Әшімов көшесі бойынша) қазу жұмыстары аяқталған. Жеке инвесторлар арқылы құрылысы жоспарланған мектептер бойынша: бүгінгі таңда 1 мектептің құрылысы аяқталған («Шұғыла» ықшамауданындағы 1200 орынды мектеп); 2 мектеп бойынша іргетас қалау және блоктар бойынша қабырғаларын көтеру жұмыстары жүргізілуде, 4 нысан бойынша қазу жұмыстары аяқталуға жақын.



(Дереккөз: Sputnik.kz)

Биылғы жаңа оқу жылында қалада 536 мың оқушы орны пайдалануға беріледі. Оның ішінде Мемлекет басшысының бастамасымен жүзеге асырылып жатқан «Жайлы мектеп» жобасы аясында бой көтерген жаңа мектептер де бар. Сонымен қатар, педагогтардың сапалы құрамын қалыптастыру, «Білім берудегі өзгерістердің 1000 көшбасшысы» жобасы аясында жаңа буын менеджерлерін дайындау бойынша жұмыстар әлі де жүргізілуде.

Үкіметтегі жиынға оралсақ, онда жоғары оқу орындарына қойылатын талаптарды олардың әлемдік стандарттарға сәйкестігі тұрғысынан қайта қараудың маңыздылығы да атап өтілді. Алматы – жастар қаласы, бізде көптеген университеттер мен институттар орналасқан. Мегаполистің жоғары оқу орындарында сан мыңдаған жастарымыз білім алуға. Ендеше, үкімет отырысында тұжырымдалғандай, жоғары оқу орындары кәсіпорындармен тығыз жұмыс істеуге тиіс, ал студенттік, магистрлік жұмыстардың ел экономикасы үшін нақты нәтижесі болуы керек. Қойылған міндеттерді іске асыру үшін бейінді министрліктер ғылым мен технологияларды кеңінен танымал ету жөніндегі кешенді жоспарды қабылдауы қажет.

Жаңа оқу жылы қарсаңында жатақханалардағы орын тапшылығы мәселесіне де ерекше назар аударылғаны қуантады. Премьер-Министр сырттан келген бірде-бір студент баспанасыз қалмауы керек екенін ескертті. Осыған орай барлық күш-жігерді біріктіріп, нысандардың белгіленген мерзімде тапсырылуын қамтамасыз ету қажеттігі айтылды. Тамыз айында күрделі жөндеу жұмыстарының барлығы аяқталуға тиіс. Балалар таза әрі ыңғайлы кабинеттерде білім алуы үшін оқу процесі басталғанға дейін жөндеу жұмыстары аяқталуы тиіс. Оқу жылы басталғанша физика, химия, биология, робототехника бойынша мыңға жуық пәндік кабинет сатып алынуы керек. Білім берудің барлық сатыларында сапа бойынша жаңа талаптар белгіленуі қажет. Орта білім саласында жайлы мектептер дамуға ықпал ететін «негізгі стандарт» болуы тиіс.

Рая ЕСКЕНДІР.





АДАМЗАТТЫҢ

ҰЛЫЛЫҚТЫ ҰЛЫҚТАУ



АБАЙ күні

Алматыда қалай аталып өтеді?

Елімізде 10 тамызда қазақтың ұлы ақыны, жазушы, қоғам қайраткері, ағартушы, қазақ жазба әдебиеті мен әдеби тілінің негізін қалаушы Абай Құнанбайұлының күні аталып өтеді. Осы күні қаламызда мерекелік датаға орай 7–11 тамыз аралығында кітап көрмелері, Абай оқулары, байқаулар мен викториналар, семинарлар мен тренингтер, шахмат турнирі, сондай-ақ «Абай әлемі» атты концерт-спектаклі сынды бірқатар іс-шара өтеді.

9 тамызда сағат 9.00-де Республика сарайының алдындағы Абай ескерткішіне гүл қою рәсімі өтеді. Одан кейін ұлы ойшылдың шығармашылығына арналған «Адамзаттың Абайы» мүшәйрасы өтеді. Оған Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының төрағасы Мереке Құлкенов, ҚР Мәжіліс депутаттары, жазушылар, ғалымдар, зиялы қауым өкілдері, студенттер мен қала қонақтары қатысады. Сонымен қатар, Абай алаңында кітаптар мен этноөнімдер жәрмеңкесі ұйымдастырылады.

10 тамызда сағат 16.00-де «Алатау» дәстүрлі өнер театрында «Абай әлемі» концерт-спектаклі өтеді. Режиссер Фархад Молдағалидің жетекшілігімен Болат Әбділманов, Ерлан Біләл, Нүркен Өтеуіл сынды танымал актерлер өнер көрсетеді. Олар ұлы ақынның өмір жолы туралы қойылым көрсетіп, Абай шығармашылығындағы жаһандық тақырыптарды қозғайды. Сонымен қатар, концертке «МузАрт» тобы, Ерден Жақсыбек, IL Canto тобы, Steppe Sons тобы, Ернар Амандық және Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының хоры қатысады.

Апта бойы қаланың барлық дерлік білім беру орталықтары мен кітапханаларында Абайдың өлеңдері мен қара сөздерін мәнерлеп оқу бойынша байқаулары өтеді. Сондай-ақ, Түрксіб ауданындағы комьюнити-орталығында «Абай Chess» шахмат турнирі өтеді.

Қала тұрғындарының арасында «Абай Құнанбайұлы туралы не білеміз?» атты блиц-сауалнама жүргізіліп, ақынның өмірі мен шығармашылығына қатысты сұрақтарға дұрыс жауап берген тұрғындарға арнайы сыйлық табыс етіледі.

ЖАҢА КІТАП

Әдебиетіміздің нұры

Қазақстан Республикасы Ұлттық кітапханасының ғылыми хатшысы, жазушы, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты Болат Жүнісбековтің «Ақиқат үшқыны» атты зерттеулер мен эсселер жинағы оқырман қолына тиді. Кітапқа автордың әр жылдары жазылып, республикалық газет-журналдарда жарық көрген және соңғы кезде қалам тартқан туындылары топтастырылған.

Жинақтың «Абай – поэзия шыңы» атты бірінші бөліміндегі зерттеу мақалалары халқымыздың ұлы перзенті Абай Құнанбайұлының өмірі мен асыл мұрасы хақында жаңаша көзқарасты пайымдатады. Ал «Абайдың ақындық мектебі» бөлімі Хәкімнің шәкірттері: кемеңгер Шәкәрім мен Көкбай, дарынды ұлдары: Ақылбай, Мағауия мен Турағұл шығармашылығы туралы ой толғайды. Автор осы бөлімде, сондай-ақ Абайтанудың негізін қалаған ғұлама Мұхтар Өуезов, ақын мұрасының асқан білгірлері Қайым Мұхамедханов пен Төкен Ибрагимов жайында ой бөліседі.

«Абай сөзінің сәулесі» атты үшінші бөлімде, өзінің аты айтып тұрғанындай, ұлы ақынның өмірлік көзқарасы мен ағартушылық ұстанымының қазіргі күннің көкейкесті мәселелерімен үндестігі туралы сөз қозғалады. Жинақ жазушының Абайтану саласындағы ізденістерінің жемісі болып табылады және барша әдебиет сүйер қауымға арналған. Кітап «Тоғанай Т» баспасынан шыққан, оның мұқабасы белгілі қылқалам шебері Тоққожа Қожағұловтың «Абай» суретімен таныстырады.

Бекен ҚАДЫҚОВ,
журналист.

Ұлттың бойтұмары

Абай (Ибраһим) Құнанбайұлының туған күніне орай, яғни 175 жылдық мерейтойы қарсаңында 2020 жылдың 4 тамызы күні Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен 10 тамыз «Абай күні» болып белгіленген еді. Осынау мереке қарсаңында Жетісу ауданындағы комьюнити-орталығында «Қазақ аналары – дәстүрге жол» республикалық қоғамдық бірлестігінің Алматы қаласы, Жетісу аудандық филиалы мен «Аманат» партиясының Жетісу аудандық филиалының ұйымдастыруымен «Абайдың сөзі – қазақтың бойтұмары» атты әдеби іс-шара өтті.

Рая
ЕСКЕНДІР

Халқымыздың бағдаршамына айналған Абай бабамыздың әрбір сөзі біз үшін Құранның қасиетті хадисімен пара-пар. Осынау күні

қазақтың салт-дәстүрін, кастерлі ұлттық құндылықтарын насихаттап, ұлт болашағына алаңдаған ақ кимешекті аналар да бас қосып, қоғамдағы жас ұрпақ тәрбиесіне қатысты өзекті мәселелерді ортаға салды. Жас ұрпаққа тәрбие берудің алғышарты Абайдың даналық қара сөздері екені белгілі.

Алғашқы сөз кезегін Жетісу ауданы Ардагерлер кеңесінің төрайымы, қалалық «Әжелер кеңесінің» төрайымы Тамара Мұхтарханқызы алды.

– Біз үшін қазіргі уақыт өте күрделі. Жаһандану атты бұрын-соңды болмаған өтпелі кезеңді кешіп жатырмыз. Біз осынау қиын да, жауапты кезеңде өз құндылығымызды сақтап қалуымыз керек.

Бұл ретте «Тек ақыл, ғылым, ерік, ар-ұждан адамды көтереді» деген даналық ойдың иесі, қазақ халқының ұлы ақыны, ұлт руханиятының темірқазығы Абай бабамызға арқа сүйеп, қара сөзіне жүгінсек болды дер едім. Қазір ұлы Абайды тек қазақ халқы ғана емес, әлем түгел оның даналық қара сөздерінен нәр алып жатыр. Шетелдерде бой көтеріп жатқан Абай ескерткіштері текке қойылып жатқан жоқ. Абайдың бастау алған тәрбие бұлағы – әжесі, ата-анасы, өскен ортасы болды. Балаға әке – қамқор, асқар тау, сүйеніш, демеуші болса, ана – мейірімді мол тәрбиешісі, өмірдегі дұрыс ұстаным болмысының үлкен себепкерлері болады, – дей келе, әкесі Мұхтархан Батырхановтың

Абайға арнаған өлеңдерін оқып берді.

Келесі кезекте «Қазақ аналары – дәстүрге жол» республикалық қоғамдық бірлестігінің Алматы қаласы және Алматы облысы филиалының төрайымы Ләйле Ноғайқызы сөз алып, Абайдың «Қара сөздері» арқылы еңбек пен білімге, ізгілік пен парасатқа қол жеткізуге болатынын айтып, адамның рухани дамуы мен сананың жаңғыруы жолында Абай шығармалары баға жетпес байлық болып қалатынына тоқталды.

Кеш барысында Астерхан Шойынбайқызы, Ботан Бекетбайқызы бастаған аналар Абай Құнанбайұлының әдеби және музыкалық шығармаларындағы өзекті гуманистік және ағартушылық мұраттарға ие прогрессивті көзқарастары туралы ойларын ортаға салды. Ұлы данышпанның «Көзімнің қарасы», «Айттым сәлем, Қаламқас» атты әндерін шырқаған аналар іс-шараны ұйымдастырған «Қазақ аналары – дәстүрге жол» республикалық қоғамдық бірлестігінің Алматы қаласы, Жетісу ауданы филиал төрайымы – Гүлжазира Дүйсенқызына, Жетісу ауданы «Аманат» партиясы идеология бөлімінің маманы – Нұргүл Керімқызына алғыстарын білдірді. Осылайша «Қазақ аналары – дәстүрге жол» республикалық қоғамдық бірлестігінің ақ кимешек киген аналары ұлы Абайды ұлықтап, әр сөзінен маржан теріп, әсерлі әнін шырқап көңілді тарқасты.

ІС-ШАРА

«ӨЛМЕЙТҰҒЫН АРТЫНА СӨЗ ҚАЛДЫРҒАН...»

Еліміз бойынша Абай Құнанбаев шығармашылығына арналған 500-ден астам іс-шара ұйымдастырылады

Ұлы ақынның 175 жылдығына орай Республикалық деңгейде Абай шығармашылығына арналған 500-ден астам іс-шара өтеді. Бұл туралы ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің баспасөз орталығы хабарлады.

Облыс орталықтарында мереке Абай ескерткіштеріне гүл шоқтарын қоюдан басталады. Сондай-ақ, OpenAir форматында Абай шығармаларын оқу, әдеби кештер мен караоке іс-шаралар ұйымдастырылады.

Мереке аясында Абайдың «Жидебай-Бөрілі» мемлекеттік тарихи-мәдени және әдеби-мемориалдық мұражай-қорығында «Өлмейтұғын артына сөз қалдырған...», «Кел жастар біз бір түрлі жол табалық», «Шәкірдің Абайға арналған естеліктері мен өлеңдері» іс-шаралары, «Абайды оқы, таңырқа...» атты жыр мүшәйрасы, «Түркістан тарихы» мұражайында «Абай әлемі» көрмесі өтеді.



Жастар саясаты желісі бойынша ұлттық жастар онкүндігі аясында челленджер мен Абай шығармаларын оқу жоспарланған.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».



АБАЙ

Хәкімнің ел-жұртын білім мен ғылымға жетелеген өсиеті сіз бен бізге – аманат!

Қазір елжанды әрбір азамат егемен елімізді өркениеттің алғы сапынан көргісі келеді. Ал ата-бабалар арманы – Тәуелсіз Қазақстанның өсіп-өркендеуі саналы әрі сапалы білімді де еңбекшіл, отансүйгіш ұрпақ тәрбиелеуге тікелей қатысты. Ұлы Абай халқымыздың Бұқар Қалқаманұлы, Дулат Бабатайұлы, Шортанбай Қанайұлы секілді абыз жырауларының асыл мұрасынан қараңғылық пен бодандық зардабын, еркін заманды аңсауды жазбай таниды. Хәкімнің шығармалары мен алдыңғы буын ақындардың өсиеттеріндегі өзара үндестік те айқын. Мақалада Абайдың қандастарының көкірегі ашып, оларды ел бақытының қайнары – білім мен ғылымға, Жарыққа жетелейтіні жан-жақты сөз болады.

ҚАЗАҒЫНЫҢ МӘНГІ ҚҰРДАСЫ

Ғұлама Мұхтар Әуезов ұлы ақынның 100 жылдық мерей тойына жасаған баяндамасында: «... біз үшін Абай өткен жан ба? Өлді деуге бола ма, ойлаңдаршы, өлмейтұғын артына сөз қалдырған», – демеп еді. Өткен жан емес. Ақын жолы халық жолымен, тарих жолымен қабыса табысқан шақта оның өзіне өлім жоқ, өзіне заман, дәурен шегі жоқ. Біздің дәуірімізге әрі бұрынғы, әрі бүгінгі Абай болып, келешек шексіз заман үшін де тарих аспанындағы бір тұрақты нұры боп шырқай бермек. Ол болашақ күндерде де Абай әрі бұрынғы, әрі ар жағындағы келешектің өлмес, өшпес тұрғыласы болмақ, күншуағы айықпас күнгей беті боп тұрмақ», – деп атап көрсетеді («Абайтанудан жарияланбаған материалдар», «Ғылым» баспасы, А., 1988 ж., 205-б.).

Абай ержетіп, ат жалын тартып мінген шақ отаршыл үкіметтің жерді де, елдік ұстындары мен ұлт рухын да ойрандауға көшкен кезең еді. Ресейдің басқыншы билігі империялық басқару тәртібін енгізіп, Алашты алқымнан аяусыз сығымдай түсті. 1867-1868 жылдары сұлтан лауазымы жойылып, зорлық-зомбылықтың бұрынғыдан бетер асқынғаны мәлім.

1822 жылдан бастап жұмыс жасаған округтер мен сұлтандардың орнына үш генерал-губернаторлық пен алты облыс құрылады. Губернаторлар мен ояз бастықтары тек қана орыстан тағайындалып, қазақтар болыс сайлау ғана мүмкін болды. Әкімшілік аппаратын ұстауға ғана халық есебінен көп қаражат жұмсалатын. Сондықтан бұрынғы түтін салығына енді земстволық, қоғамдық пен басқа алымдар қосылып, олардың мөлшері жылдан-жылға шарықтады. Қазақтың кіріптар хәлі, оның біртуар перзенттерінің қабырғасын қайыстырды. «Жаңа низамның» (1868 ж.) ұлт еркіндігін мейлінше шектеп, болыс сайлауы қазақты өзара қырқыстырудың амалына айналды.

Осыны көріп, біле тұра Хәкім үнсіз қалмақ емес. Патша билігінің бет пердесін сыпырады: «Орыс айтты өзіне ерік берем деп, Кімді сүйіп сайласаң, бек көрем деп. Бұзылмаса, оған ел түзелген жоқ, Ұлық жүр бұл ісінді кек көрем деп...» (Абай Құнанбайұлы «Шығармаларының екі томдық толық жинағы», А., «Жазушы», 2016 ж., 1-том, 48-б.).

Өзі ерекше сүйген ел-жұрты үшін күйіп-жанған Абай қарындастарының «көзін ғана емес, көңілін де ашуға» бекем бел буады. Тарихи оқиғалар мен «қыздырмалы» әңгімеге сирек қалам тарттады. Тіпті, өткеннің оқиғасын жазғанда да («Ескендір», «Масғұт», «Әзім әңгімесі») төл туындысының тәлім-тәрбиелік жағына баса мән береді.

Ақын тыңдаушысы мен оқырманына қай заманда да адал еңбек пен алғыр білімнің мерейі үстем екенін айтудан жалықпайды. Надандық пен бодандық қыспағында «қаны қайнап, улана» жүрсе де, Абай қазаққа емес, қараңғылыққа қапалы болатын: «Бұл сөзді тасыр ұқпас, талапты ұғар...», – деп, надандық пен қараңғылықты сын нысанасына алады.

басына би болған өңкей қықым, Мінеки, бұзған жоқ па елдің сиқын?» деп қынжылады ол.

Бұқар жырау ескерткен «жақсының артында қалған «жамандардың бас-басына тозуы», яки «өңкей қықымның бас-басына би болып, елді бұзуынан» ақынның қабағы түйіледі. Бодандағы ел-жұртының болашағына алаңдаған ол «өздерінді түзелер дей алмаймын, өз қолыңнан кеткен соң енді өз ыркын» деп мұңға батады.

Туған елінің бағына дер шағында дүниеге келген ойшыл ұлы дала аспанында жұлдыздай жарқырап, жол сілтейді. Бар ықыласы ақын бабасының асыл мұрасына ауып, ой ұйығында серігін өлеңнен табады...

Оның «Баяғы жартас – бір жартас, Қаңқ етер, түкті байқамас», – деген ащы тілінен «ұлы сия» төгіледі: «Ағайын бек көп, Айтамын ептеп, Сөзімді ұғар елім жоқ. Мола-сындай бақсының жалғыз қалдым тап шыным». Демек, ақынның өзінің «нені сүйіп, неден күйгеніне бір Алла мен арын ғана қазы» тұтудан басқа амалы қалмаған еді... Амал қайсы, малмен көзін ашып, одан басқаны ойламайтын ағайынның күлді-көмеш күйбеңінен ашық күн де көмескі тартады: «Адамзат тірілікті дәулет білмек, Ақыл таппақ, мал таппақ, адал жүрмек. Екеуінің бірі жоқ, ауыл кезіп, Не қорлық құр қылжаңмен күн өткізбек...». Халқының тым бейкам мінезі жанына батады...

Әсіресе, ол қандастарының «Балапан – басына, тұрымтай – тұсына кеткен» кезеңдегі өзара аңдысқан тірлігінен түңіледі: «Біздің қазақтың достығы мен дұшпандығы, мақтаны мен мықтылығы, мал іздеуі, өнер іздеуі, жұрт тануы ешбір халыққа ұқсамайды... жер жүзіндегі жұрттың қоры болып, бірімізді-біріміз аңдып өтеміз бе?».

«Жырымен елді жетелеген» Дулат Бабатайұлының ойлы да нәрлі сөз орамын Хәкім одан әрі тарқатып, ендігі бар үміті – жастармен тілдеседі: «Бір дәурен кемді күнге – бозбалалық, Қартаймастай көрмелік, ойланалық. Жастықта көкірек зор, уайым жоқ, Дейміз бе ешнәрседен құр қалалық... Әуелі өнер ізделік, қолдан келсе, Ең болмаса еңбекпен мал табалық...».

«Өлең сөздің мәні жоқ, ойы терең болмаса...»

«Бодандық» бұғауында тыпырлаған ел-жұртының азаттыққа жетуі үшін оқу мен білімнен басқа жолдың қалмағанын Абай мойындауға мәжбүр. Осы орайда Ақын сусындаған мөлдір жыр қайнарларының бірі – Шортанбай Қанайұлының жауһар мұрасы еді. Тек ол жырлардың елге үзіп-жұлынып, толық жетпейтініне ғана қынжылады.

Семейге келетін газеттердің әрбір санын, жаңа кітаптар мен басылымдарды Хәкім үнемі асыға күтіп отырады. Соның бірі – «Дала уәлаяты» газетінің ақын-жыраулар туралы жазғандарында да ойына нәр жинап, жан қуатын молайтады. Өткенде осы басылымнан Шортанбай жайлы да оқып шығып, қолындағы барды азырқанған болатын.

Соған орай жыр сәйгүлігінің «Қазан» баспасынан 1890 жылы жарық көрген «Бала зары» жинағы «іздегенге – сұрағандай» болды. Жырау «Өлең сөздің мәні жоқ, ойы терең болмаса...», яки «Мың қабат бетім жуылған, Көзден аққан жасыма... Арыз сөзді толғанып, қалдырайын артыма» деп, еркін заманды аңсаған арманымен бөліседі...

Ұлы ақынның қабырғасын қайыстырған уайым, өкінішке қарай, «қайран қазағының» әлі талай уақыт жүрегін сыздататын сыңайы бар. Тәуелсіздікті жариялаудан гөрі, оны ұстап қалудың зілбатқан ауыртыпашылығы қабырғамызды еріксіз қайыстырады. Өркениет сапында өрге басу оңайға соқпауда.

Жаһандық қатаң бәсекелестік жағдайында еңбекшіл әрі елжанды, білімді әрі бәсекеге қабілетті, әділетті әрі адамгершіл ұрпақ өсіп-жетілуі қажет. Талай ғасыр батырлығы мен даналығы дүниені дүбірлеткен ұлы даланың өркениет көшінінің соңында салпақтауының білім мен ғылымға салқын тартқан «мінезден» екені ащы шындық.

Бүгінгі алаң көңіл тірлігіміз кезінде қараңғылық «қақпанға» түсірген отарлық езгінің салдары. Олай болса, әлеуеті күштінің әлжуазға әлімжеттік жасауына танқалмасак керек. Заман зарын толғаған Хәкімнің «өлмейтұғын сөзімен» ел-жұртын жарыққа – білім мен ғылымға жетелеген өсиеті Сіз бен бізге – аманат.

Болат ЖҮНІСБЕКОВ,
жазушы.

РЕДАКЦИЯДАН:
Жарияланымның толық нұсқасын газетіміздің интернет-ресурсынан оқыңыздар.



Суреттің авторы – Қазақстан Суретшілер одағының мүшесі Нұрбұлан ӨТЕПБАЕВ.

Жыр зарын жазбай таныған

Шығыс пен Батыс ғұламаларының мұрасына үңіліп, ойын тергеген сауалдарға Абай тиянақты жауап іздейді. Кезінде жаһанды билеп-төстеген қаһарман даланың бұлыңғыр бүгінгі мен күнігірт келешегіне қабырғасы қайысады. Ұлы даланың мұң-зарын жырлаған Бұқар, Дулат пен Шортанбай секілді абыз ақындар жырының зарын жазбай таниды.

Олардың, әсіресе оқу мен білімді меңзеген сәулелі сөзі жадында қаттала береді. Үнемі «өзінен өзі есеп алып, естілердің айтқан сөздерін» ақыл таразысында саралайды. Халқының еңсесін басқан заман тауқыметінен жаны аяз ұрған жапырақтай бүріседі. Оның озық жұрттармен қайтсе «терезесі тең» болының жолын талмай іздейді.

Хәкім қазағының еркіндігін аңсаған жанның, әлбетте жалғыз өзі ғана емесін де біледі. Алдыңғы ақын-жыраулардың қайғы-зардан күңіренген «кеудесіне» құлағын тосады. Алқымнан қысып, аяусыз сығымдаған отарлық «шалмасының» түйінін іздеп, оны «шешудің» амалын тапқанша жүрегі сыздайды.

Осындай «жүдеулі» сәттерінде Хәкімге Бұқар Қалқаманұлының жыр-толғаулары «ойына сана құйып, бойына қуат береді». Шыңғыстауға қонған «поэзия сұңқарының» топшысы бекіп, талмай самғауына, әлбетте ұлы даланың даңқты жырауларының бай мұрасы мөлдір де нәрлі бастау болғанына күмән жоқ. Дала данышпаны Құнанбайдың «айсыз түнде» дүние есігін ашқан айбоз перзентінің миссиясы мүлде бөлек. Абай айтпақшы, «малқұмар көңіл – бек соқыр» елдің «жақсы менен жаманды айырмай», іргесі сөгіліп, берекесі қашқан шақ еді: «Бас-

ҚОҒАМДЫҚ КӨЛІК

BRT ЖОБАСЫ

Алматыда бірнеше кезеңмен жүзеге асырылады

Досбол АТАЖАН

Алматыда көлік саласындағы сарапшылар, урбанистер және БАҚ өкілдері Райымбек даңғылында Пушкин көшесінен Сейфуллин даңғылына дейінгі BRT дәлізінің бірінші учаскесінің жобасы ұсынылған «Дөңгелек үстел» өтті. Жобаны халықаралық консультанттар мен Алматы көлік жүйесін дамыту жобалық кеңсесінің қолдауымен «Алматыбасжоспар» ғылыми-зерттеу институты әзірледі.

Әзірлеушілердің айтуынша, жоба аясында минималды үзілістермен арнайы жолақтар жасау, жаңа аялдама кешендерін орнату, сондай-ақ «қасбеттен қасбетке дейін» қағидаты бойынша даңғыл бойын кешенді көріктендіру көзделген.

«Қақтығыс нүктелері аз болатын учаскелерде арнайы жолақтар жолдың шетінде болады. Тұрақ орындарын сақтау қажет немесе көрші аумақтардан шығатын жолдар көп болған жерлерде арнайы жолақтар бульвар бөлігінің бойында орналасады. Осылайша барлық қозғалыс қатысушысының мүддесі барынша ескеріледі. Аялдамаларды платформаларда жабдықтап, қиылыстарға жақын орналастыру жоспарлануда. Бұл ретте автокөліктердің негізгі жолақтары сақталады», – деді «Алматыбасжоспар» басшысы Асхат Сәдуов.

Сонымен қатар, оның айтуынша, биыл Қонаев көшесінен Чайковский көшесіне дейінгі бульварлық бөлікті көріктендіру жұмыстары жүргізіледі.

«Біз көшені «қасбеттен қасбетке дейін» қағидасы бойынша жобаладық, яғни тек жол бөлігін ғана емес, сонымен қатар тротуарларды, аулаларын, көгалдандыруды да қамтыдық. Қасбеттер бірыңғай дизайн-кодқа келтіріледі. Жобаның мемлекеттік сараптамасы шілде айының ортасында ғана аяқталды, біз әрине, қорытындыны ертерек аламыз деген едік, бірақ «кешенділікті» ескеріп, жобаны екі рет жасауға тура келді. Қыркүйек айында Сейфуллин даңғылынан Ахрименко көшесіне дейінгі және Ахрименко көшесінен «Барлық» базарына дейінгі BRT дәлізінің екінші бойынша жобалау жұмыстары аяқталады деп күтілуде», – деді Асхат Сәдуов.

Өз кезегінде кездесуге қатысқан сарапшылар бұл жобаның Алматының қоғамдық көлік жүйесін дамыту және қала тұрғындарының мобильдігін арттыру үшін маңыздылығын атап өтті. Олардың пікірінше, 2030 жылға дейін қаланың көлік қаңқасының бекітілген шебер жоспары аясында әзірленген Райымбек даңғылы бойынша BRT дәлізі жоғары талаптарға жауап береді және ол қала тұрғындарының көңілінен шығады.

«BRT дәлізі шынымен де қоғамдық көліктің тартымдылығын арттыра алады. Бірақ бізді оның жүзеге асырылу мерзімі алаңдатады. Райымбек – көлік өте көп жүретін көше, қыркүйекте сабақ басталып, студенттер келеді және егер дәл осы кезеңде құрылыс жұмыстарын бастасақ, қоллап болады деп ойлаймын. Сондықтан жұмысты келесі жылы бастаған дұрыс емес пе?», – деді «Жалпы жол» қауымдастығының жетекшісі Арсен Шакуов.

Ал Роман Барабановтың пікірінше, бүкіл



көшені бірден реконструкциялау орынды болар еді.

«Даңғылды бірнеше сегментке бөліп, әрқайсысына әртүрлі мердігерлерді анықтау менің ойымыша қисынсыз. Мұндай жағдайда бақылау және сапаны қамтамасыз ету қиын болады. Егер бөліп істесеңіз, жоба жұмыс істемейді. BRT дәлізі тиімді болуы үшін бүкіл даңғылды реконструкциялауға тырысу керек, ең болмағанда кейбір аймақты алдымен таңбалап жасауға болады», – деді Роман Барабанов.

Талқылау қорытындысы бойынша, сарапшылар қауымдастығының пікірін ескере отырып және қала тұрғындары үшін қолайсыздықты азайту мақсатында жоба бойынша құрылыс-монтаждау жұмыстарын келесі жылдың сәуір айында бастау туралы шешім қабылданды.

«Бүгінгі күні қалада қоғамдық көлік жүретін 178 маршрут бар. Бұл бағыттар бойынша күнделікті 2468 автобус қызмет көрсетеді. 2023 жылы қала 600 жаңа автобус алса, биыл 700 алуды жоспарлап отыр. Бірақ ашығын айтқанда, мегаполисте қоғамдық көлікке арналған қажетті инфрақұрылым болмағандықтан, адамдар қарбалас сағаттарда автобусты ұзақ күтуге мәжбүр. Сондықтан қаланың Көлік қаңқасының жоспарын жасағанда онда BRT

жосағын салуға 296 км берілді. Соның арқасында алдағы уақытта жолаушылар А нүктесінен Б нүктесіне дейін қиындықсыз жете алады. Атап айтқанда, Райымбек даңғылында BRT жосағын салу жоспарланған. Бүгінгі күні бұл көшемен 88 маршрут бойынша 1295 автобус жүреді. Сонымен қатар, осы даңғылмен күніне 70 мыңға жуық көлік өтеді. Қазіргі уақытта автобус та, жеке көліктер де кептелісте тұрады. Сондықтан қоғамдық көлікке басымдылық беріледі», – деді Қалалық мобильділік басқармасының басшысы Сағындық Телібаев.

Сондай-ақ, басқарма басшысы BRT дәлізінің құрылысы қашан басталатынын атап өтті.

«Күзде біз BRT дәлізінің бірінші кезеңінің екі учаскесіне, яғни Пушкин көшесінен Сейфуллин даңғылына дейін және Сейфуллин даңғылынан Ахрименко көшесіне дейінгі мердігер ұйымды анықтау үшін байқау жариялауды жоспарлап отырмыз. Биыл инженерлік желілерді қайта құру, өсті бөлу сияқты дайындық жұмыстарын бастап, «Саяхат» маңында ірі аялдама кешендерінің құрылысын аяқтаймыз. Ал екі учаске бойынша негізгі құрылыс-монтаждау жұмыстарын келесі құрылыс маусымынан бастаймыз», – деді Қалалық мобильділік басқармасының басшысы Сағындық Телібаев.

ЖӘДІГЕР

«Анаға құрмет» музейінде кәдімгі біз білетін самаурынның бірнеше түрі бар. Осы жәдігерлердің арасындағы 1889 жылы Тула қаласынан шығарылған сары самаурынға көпшіліктің назары ауып, жанында ұзақ аялдайды екен. Өйткені, оның өткен ғасырлардан жеткен құнды дүние екені көрініп тұр. Самаурын сары металдан жасалынған. Бұған қоса, осы қаладан шыққан самаурынның 1908 жылғы ақ металдан жасалған түрі де бар.

Рая ЕСКЕНДІР

Жалпы, біз білетін қазіргі самаурындар да түрлі кезеңдерден өткен. Ең алғаш самаурын Ресейде XVIII ғасырдан бастап Уралда, Тула қаласында, кейін XIX ғасырда Санкт-Петербург, Мәскеу, Владимир, Ярославль, Вятск губернияларында да жасала бастайды. Самаурынға дейін орыстар «сбитенник» деп аталатын ішінде шоқ салатын ұңғысы бар шәугімге ұқсас ыдыс пайдаланып келді. Осы кезде бірнеше тағамды қатар қайнатуға болатын ішінде бөліктері бар «самовар-кухня» да жасала бастайды. Әлгі бөліктің біріне тамақ, екіншісіне шай қайнатады. Шүмексіз болғандықтан, тағамды да, шәйді де ожаумен алған екен. Біз «Анаға құрмет» музейінің экскурсия жетекшісі Таңшолпан Берікәліні сөзге тарттық.

– Біздің музей қорында қазір жалпы 8 самаурын бар. Олардың ішінде Қарасай ауданының тұрғындары музейге табыстаған бірнеше самаурын бар. Олардың сыртқы келбеті ғана емес, көлемдері де әртүрлі болып келеді.

Әдетте, халқымыз самаурынның шайын ерекше жақсы көреді. Ал бұл ыдысты халқымыз орысқа қосылғаннан кейін

САРЫ САМАУРЫН ҚАЙНАП ТҰРСА...



пайдалана бастап, кейін бүкіл қазақ еліне тарап кеткен. Этнограф-жазушы Сейіт Кенжеахметұлының «Қазақтың дархан дастарханы» атты кітабында осы самаурынға қатысты қызықты дерек те кездеседі. Академик-жазушы Сәбит Мұқановтың айтуынша, Солтүстік Қазақстан жаққа алғаш самаурын алдыртқан белгілі бай Есеней екен. Бірақ оны қалай қайнататынын білмей, көрші ауылдан бір орыс алдырып, оған самаурынды қайнату жолын көрсеткені үшін ақысына бір жылқы беріпті.

Бірақ ырымшыл Есеней «шүмегі төмен қарап тұр екен, елді төмен қаратпай қоймас» деп самаурынның шайын ішуден бас тартқан екен деседі. Расында да, бұрын қолданылып

келген қазақ даласындағы ыдыстардың аузы мен шүмегі әрқашан жоғары қарап тұрған. Шайдың қазанда, шәугімде немесе самаурында қайнатылуы әр аумаққа шайдың келіп таралу тарихынан мәлімет береді. Әуелі XIX ғасыр соңынан Бұхара арқылы – Оңтүстік, Сыр бойына самаурын жаппай тарала бастаса керек. XX ғасырдың бастапқы ширегінен Ресей арқылы Қазақстанның батыс және солтүстік өлкелерінде самаурынмен шай ішу кең таралып, кейінірек, орталық және Жетісу өңіріне таралады. Ал еліміздің Шығыс өңірінде самаурын әлі күнге дейін жоқтың қасы деуге болады.

Қытай деректері өздеріне көшпелілер арқылы таныс болған «хо-го», яғни «ыстық

қазан» деп аталатын ішінде шоқ салатын ұңғысы бар шошақ бітімді ыдыс түрін атайды. Ортасында шоқ салатын мұржасының айнала сұйық құйылатын ыдыс түрі жоғарыда аталғандай, шайдың таралуымен бірге, шамамен XIV-XV ғасырлардан бастап, ең әуелі – Хиуа, Бұхара өңіріне келіп, кейінірек оған кәдімгі шәугімдей шүмек орнатылады. Осы кезден бастап Ресейде шай жаппай тұтыныла бастауының нәтижесінде XVIII-XIX ғасырларда шүмек орнатылған самаурын өндіріле бастайды.

– Біз музейге келушілерге тек жәдігерді таныстырып ғана қоймай, оның тарихы туралы да баяндап береміз, – дейді музей қызметкері Таңшолпан Берікәліқызы.




КӨРМЕЛЕР

Әбілхан Қастеев атындағы Мемлекеттік өнер музейінде тағы бір көрме ашылды. «Жүрегімдегі естелік» деп аталады. Ол қазақстандық атақты ұйғыр суретшісі, ҚР еңбек сіңірген қайраткері Ахмет Ахаттың 70 жылдық мерейтойына арналған.

Ахмет Ахат 1954 жылы ҚХР-дың Құлжа қаласында дүниеге келген. 1974 жылы Абай атындағы Алматы педагогикалық институтының Көркемдік-графикалық факультетін бітірген. 1988 жылдан ҚР Суретшілер одағының мүшесі, 1990 жылы ҚР Ғылым академиясының Шығыстану институтының аспирантурасын бітірген. «Азия Арт» (Ташкент, 1995) халықаралық көрмесінде Алтын медальға ие болды. 2004 жылдан бері ҚР еңбек сіңірген қайраткері, «Ильхам» сыйлығының лауреаты. 2020 жылдан бастап ҚР Сурет академиясының академигі.

Ахмет Ахаттың жеке көрмелері Ресей, Түркия, Италия, АҚШ, Қытайда сәтті өтті. Суретші кескіндеме, графика, қыш, gobelen, фото-өнер, бейне-өнер, инсталляция салаларында жұмыс істейді.

– «Жүрегімдегі естелік» көрмесі Ахмет Ахаттың 1980 жылдардан бастап қазіргі уақытқа дейін орындалған жүзге жуық шығармасын ұсынады. Экспозицияға «Жер және ғалам», «Ғалымдар», «Темекі өсірушілер», «Агрессия» сияқты алғашқы графикалық сериялар кіреді. Шығыстың эпикалық ертегілері, өлеңдері, батырлық эпосы және ұйғыр халқының тарихы бойынша орындалған жұмыстар үлкен қызығушылық тудырады. Ахмет Ахаттың графикасы суретшінің литография, офорт, монопринт және линогравюра саласындағы жоғары техникалық деңгейін көрсетеді. Экспозицияның едәуір бөлігін шебердің көркем туындылары алып отыр. Ахмет Ахат ежелгі шығыс қалаларының ерекше атмосферасын жеткізуге, түркі халықтарының бай тарихын, дәстүрлері мен тұрмысын бейнелеуге ұмтылады. Өзінің құпиялылығымен тартылған Тамғалы тастарының суреттерін, Турфанның буддистік үңгірлерін суретші түрлі-түсті ертегілер мен аллегориялар түрінде, символдық және метафорикалық бейнелер арқылы бейнелейді. Ахмет Ахат қолданатын көркемдік тілде жұмсақтық және түстік жалпылық, мәнерлілік, реңктердің нәзік градациясына, жеке заттар мен бейнелерге ерекше назар аударылған. Осылайша автор



АРМАНДАР мен САҒЫМДАР немесе жүректегі естелік



құрылымы жағынан біртұтас, формасы жағынан үйлесімді, мазмұны жағынан ерекше суретші әлемінің картинасын жасай алады, – дейді көрме кураторы, өнертану кандидаты, музейдің «Қазақстанның бейнелеу өнері» бөлімінің жетекші ғылыми қызметкері А.Жадайбаев.

Көрмеге ұсынылған «Хотан құпиясы», «Мифологиялық мән», «Әлем және шындық», «Өткеннің күзетінде» және тағы басқа жаңа туындыларының атаулары суретшінің ниетінің күрделілігін, жалпы оның шығармашылығының философиялық табиғатын айғақтайды. Ахмет Ахат үшін көне шығыс

қала тақырыбы ерекше тартымды. Ол картиналарында сан алуан аллегориялық кейіпте, терең ойлар мен метафоралық аллегорияларда көрінеді, бізге рационалды қабылдаудан қашатын оғаш армандар мен сағымдар түрінде көрінеді. Ахмет Ахаттың стилі жарқын бояу үйлесімділігімен, жұмсақ алуан түрлілігімен және түс құндылықтарының талғампаздығымен, бояу қабатының күрделілігімен және ұсынылған бейнелердің екіұштылығымен ерекшеленеді.

Көрменің экспозициясына символдық мазмұнмен қаныққан қыш композициялар болып табылатын Ахмет Ахаттың мүсіндік туындылары да кірді.

Көрме суретші шығармашылығының түрлі салаларындағы жетістіктерінің өзіндік көрінісі болып табылады. Экспозиция қаламгердің айналасындағы әлемді түсіну және ұғыну жолындағы үздіксіз ізденісін көрсетеді. Бүгінде әйгілі суретші Қазақстанның көркемдік өміріне, халықаралық шығармашылық жобаларға белсенді түрде қатысып, өз шеберлігін жетілдіріп, барынша жоғары шығармашылық міндеттерді табысты шешуді жалғастыруда.

Ахмет Ахаттың барлық шығармашылығы ХХІ ғасырдың басында адамзаттың өмір сүруінің гуманистік негіздерін сақтау үшін аса маңызды болып табылатын өткен мен қазіргі рухани байланыстарды нығайтуға бағытталған.

Экспозиция тамыздың соңына дейін жалғасады.

«ЖІБЕК ЖОЛЫ САПАРЫ»

қазақтың тұрмыс-тіршілігінен сыр шертеді

Әбілхан Қастеев атындағы Қазақстан Республикасы Мемлекеттік өнер музейінде әйгілі қытай суретшісі Цао Чжэнчунь мен заманауи суретші Таңбол Тұрсынғалидың туындыларынан тұратын «Жібек жолы сапары» атты көрме ашылды.

Ежелгі Жібек жолында Қытай мен Қазақстан тарихтың даңқы мен мәдениеттің тоғысқан жерінің куәсі болды. Бүгінгі күні «Бір белдеу, бір жол» бастамасымен екі ел арасындағы мәдени алмасулар қарқынды жүруде. Цзянсу провинциясы ұлттық бірлік пен прогресті насихаттау қауымдастығы «Жібек жолы хатшысы ұйымдастыру комитетінің» дәнекерлігімен ашылған «Жібек жолы сапары» көрмесі осы бастаманың арқасында жүзеге асырылды. Көрме төріне қытай суретшісі Цао Чжэнчуньнің 42 кескіндемесі, ал Таңбол Тұрсынғалидың кейінгі жылдардағы майлы бояумен салынған 10 туындысы қойылды.

– Цао Чжэнчунь өзінің керемет қытайлық кескіндеме шеберлігімен Жібек жолындағы әдемі табиғат көріністері мен терең



гуманистік сезімдерін көрсете білді. Оның «Тяньшаньнан өту», «Тяньшань тұлпарының қарлы жолы», «Тяньшань махаббаты», «Тяньшаньның сегіз тұлпары» және т.б. шығармалары аттың бейнелері арқылы сипатталып, табиғат гажасын лирикалық түрде баяндап, этникалық халықтың өшпес рухын көрсетеді. Сонымен бірге, ол майлы бояу мен акварельді бейнелеу техникасын қытай кескіндемесіне шебер енгізіп, туындыларын заманауи эстетикалық құндылыққа айналдырып, көрерменнің көңілінен шықты, – дейді көрме жетекшісі Азат Дидар.

Шыңжаңдағы жергілікті суретші, жаһандық тұрақты дамудың көрнекті суретшісі және қазақ халқының материалдық емес мәдени мұрасының мұрагері ретінде Таңбол Тұрсынғалидың туындылары Шыңжаңдағы қазақтардың жергілікті өмірін тақырыпқа ала отырып, Шыңжаңның қайталанбас табиғи пейзаждары мен ұлттық әдет-ғұрыптарын көрсетеді. «Сұлудың арқасындағы махаббат хикаясы», «Жел биі», «Рапс гүлі аспан астындағы қызыл той көйлек» сияқты шығармалары арқылы көрермендер Тяньшань тауының етегіндегі Тарбағатай мен Қаладжун жайылымдарын, сондай-ақ Текес өзені мен Іле өзеніндегі керемет табиғат көріністерін тамашалай алады. «Қыз ақынның жайылымдық концерті», «Соңғы бүркітші» және «Ару көлі» сияқты туындылары да көрермендерді қазақтың халық артистері мен жанкүйерлерінің әндерін тыңдауға, сондай-ақ «Қыз куу» секілді қазақтың ұлттық ойындарының көрінісін тамашалауға шақырады. Бұл туындылар қазақ халық өнерін шынайы сезінуге мүмкіндік береді.

Бетті әзірлеген Нұржамал ӘЛШЕВА.



ИНФОГРАФИКА

Төтенше жағдай: ЗАРДАП ШЕККЕНДЕРГЕ КӨМЕК

Барлық облыста су басқан тұрғын үйлерді
тексеру және бағалау жұмыстары 100% аяқталды

Президент тапсырмасына орай Үкімет
су тасқынынан зардап шеккен отбасыларға
тұрғын үй салу және сатып алу, сондай-ақ
оларға жан-жақты көмек көрсету бойынша

өңірлерде жүргізіліп жатқан жұмыстарды
тұрақты бақылауда ұстап отыр.

(Дереккөз: primeminister.kz).



Мемлекеттік қолдау: ЖАҢА ОҚУ ЖЫЛЫНЫҢ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ



Балалар құқығын қорғау: ӨҢІРЛІК УӘКІЛ институты енгізілді

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Баспасөз орталығы хабарлағандай, биыл елімізде алғаш рет әйелдер құқықтары мен балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері жөніндегі заң аясында Бала құқықтары жөніндегі өңірлік Уәкіл институты енгізілді.

Бүгінде еліміздің 20 өңірінде әрбір қала мен облыста балалардың құқығын қорғаумен айналысатын уәкілдер ресми түрде тағайындалды. Аймақтардағы Бала

құқықтары жөніндегі уәкілдердің міндеттеріне балалардың құқығы мен заңды мүдделерінің бұзылуына, сондай-ақ жергілікті атқарушы органдар мен басқа ұйымдардың әрекеттеріне немесе әрекетсіздігіне шағымдарды қарау, осы құқықтарды қалпына келтіруге көмектесу, білім беру, денсаулық сақтау және әлеуметтік қорғау ұйымдарына бару, сондай-ақ балалардың құқығымен айналысатын мемлекеттік және қоғамдық институттардың құжаттарына қол жеткізу кіреді.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Насымжан ОСПАНОВА,
Балалардың құқығын қорғау
комитетінің төрағасы:

Әділ және қауіпсіз қоғам құруға маңызды қадам

Өңірлік комиссарлардың арқасында еліміздегі әрбір бала сенімді қорғанысқа ие болатынына сенімдіміз. Бұл тәуелсіз және қоғамға белсенді адамдар мемлекеттік органдардың күш-жігерін толықтыра отырып, балалардың игілігі үшін жұмыс істейтін болады. Бұл құқықтардың бұзылуына тиімді жауап беруге және уақытылы олардың алдын алуға мүмкіндік береді. Бұл қызмет балаларымыздың өмір сүру сапасын, қауіпсіздігі мен әлауқатын жақсартып отырып, әділ және қауіпсіз қоғам құруға маңызды қадам болмақ.

АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ
ЕРЛАН
Диана Ерлановна
+7 771 770 51 11
diana.yerlan

@TazaQazBot Телеграм-чат-боты:

«ТАЗА ҚАЗАҚСТАН» халық үшін өтінім берудің ыңғайлы сервисі

Биылғы 5 шілдеден бастап қызмет ететін @TazaQazBot Телеграм-чат-ботының негізінде халықтан өтінім алудың жаңа сервисі әзірленіп, пайдалануға берілді.

Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігінің баспасөз қызметі хабарлағандай, үрдіс барынша оңайлатылған: авторизация жүргізу, проблемалық жердің фотосуреті, мекенжайды көрсету және проблемаға түсінік беру мүмкіндігі қажет.

Өтінім түріндегі барлық ақпарат оны жіктейтін және орындаушыны тағайындайтын жергілікті атқарушы органның операторына түседі. Өтінімнің санатына қарай орындаушы тапсырманы орындауға тиіс уақыт автоматты түрде белгіленеді. Жұмыс аяқталғаннан кейін орындаушы фотосуретті және қажет болған жағдайда түсініктемені қоса береді. Пайдаланушыларға ыңғайлы болу және жауапты орындаушыларды анықтау үшін барлық



мәселелер 17 санатқа бөлінген. Кері байланыс ретінде өтініш беруші ЖАО рейтингін белгілеу мүмкіндігімен орындаушыны тағайындау және жұмыстың аяқталуы туралы хабарлама алады.

Халық тарапынан шағым алу үшін taza-qaz@ecogeo.gov.kz өтінімдерін қабылдаудың жеке желісі ашылады, онда өтінімдердің орындалу сапасы қадағаланатын болады. @TazaQazBot платформасы бүкіл қоғам үшін жайлы жағдай жасауға немқұрайлы азаматтың тікелей қатысу мүмкіндігімен халықтың өмір сүру сапасын жақсартады.



РӘБИҒА СЫЗДЫҚОВА – 100

АНА ТІЛІМІЗДІң АБЫЗЫ

Бекзат болмыс

2001 жылы Рәбиға Сәтқалиқызы Халел Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің 50 жылдығына орай өткізілген халықаралық конференцияға, кезінде осы оқу орнында еңбек етіп, кейін республикаға танымал болған ғалым Бабаш Әбілқасымовтың 70 жылдық мерейтойына әдейі шақырумен келді. Апамыздың ата-бабасының, ағайын-тумасының туып-өскен жеріне тұңғыш келуі екен. Өтеген мен Бағытжамал (немере сіңлісі) апайдың келуіне байланысты қаладағы барлық ағайынды шақырып, қонағасы бергенде бірге болғанбыз. Сонда апа: «...Міне, сәті түсіп, сіздермен – бауырларыммен кездесіп, қуанып отырмын. Әкем Қазан революциясынан бұрын оқып, білім алған зиялылардың бірі болған. Мұсылманша да, орысша да аса сауатты, екі тілді бірдей меңгерген адам. Сонымен қатар, мектепте оқып жүргенде өз бетімен Морзе әліппесін оқып, жақсы меңгерген. Оны естіп, білген жоғары билік оған байланыс орындарында қызмет істеуге ұсыныс жасаған. Әкеміздің елден кетуіне жұмыс бабы себеп болған сияқты. Анамның да туған жері осында. Өзі: «Тайсойған құмында тудым», – дейтін. Әкем 1937 жылы ұсталып, атылып кетті ғой. Сөйтіп, сол қуғын-сүргін зобалаңы біздің отбасымызға да тиді. Өмірдің жақсы да, жаман да жақтарын басымнан кешірдім. Бірақ ол қиындықтардың бәрі де әкемнің нақақтан «халық жауы» атануымен салыстырғанда түк те емес екен. Қазір елдегі ағайындардың біреуін де танымаймын. Егер елде болсақ, сіздермен араласып, орталарыңда болар едім ғой», – деген-ді.

Апамыздың көпшіліктің ортасында отырғанда өзін-өзі ұстауы, сөйлеуі, дауыс ырғағы, сөйлеу тәсілі ерекше көрінетін. Көлгірсіп, көп сөйлегенді жақтырмайтын сияқты. Сонысымен де маңындағыларға мақпалдай жұмсақ, ағайын-туысқа жұғымды жан екенін сездім.

Рәбиға апа «халық жауы» атанған әкесі – Сәтқалиды ақтау үшін көп жұмыстанды. Әйтеуір артынан қалмай ізденудің арқасында 1957 жылдың 3 қазанында КСРО Жоғарғы соты әкесінің кінәсіз екені туралы шешім шығаруына себепші болды. Сөйтіп, өзі де таңылған атақтан арылып, әкесін қара күйеден құтқарады.

Сәтқалиға «халық жауы» деген қара күйе жағылып, ұсталып кеткеннен кейін апамыздың отбасы талай қиындықты бастан өткерген. Бірақ анасы – Жеміс шешеміз тағдырдың салған ісіне мойымай, ағайын-туыстан жырақ жүріп, күндіз-түні ауыр жұмыстарда еңбек етіп, төрт баласын ешкімге телміртпей, өз еңбектерімен өмір сүруге баулыды, өжеттілігінің арқасында қиындықтармен күресе білді.

Ол қыз баланың үлкені болғасын үй ішіндегі шаруаларды өзі атқарады. Қиыншылықтың салмағы артқан сайын қағылез жастың бұғанасы ерте бекіп, қамығуға жол бермеді. Керісінше, жігерленіп өсті. Қиындықтарға қарамастан, төрт бала да білімге құштар, талапты болып өсті. 1945 жылы орта мектепті үздік бітіріп, Темір қаласындағы педучилищеге түседі. Оны аяқтамай (себебі ағасы – Хамит соғысқа кеткесін үйде еңбек ететін адам болмайды), алғашқы еңбек жолын Алға стансасындағы орта мектепте мұғалім болып бастайды. Содан кейін тұрмыстың тауқыметімен Темір қаласына көшіп, педучилищеде сабақ береді. Оқуын жалғастырып, бітіріп шығады. Ағасы соғыстан келіп, тұрмыстары жақсарғаннан кейін Ақтөбедегі мұғалімдер институтының

Табиғи дарыны мен адал еңбегінің арқасында халқының шынайы сүйіспеншілігіне бөленген асыл жандардың рухы ешқашан өшпейді, мәңгі жасай береді. Солардың бірі – бойындағы бар асылын ұлтымыздың тіл танымына арнаған, «Қазақ тілінің абыз анасы» атанған Рәбиға Сыздықова апайымыз.



(Фотодереккөз: А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының ресми сайты).

Тіл және әдебиет факультетін, қазақтың Абай атындағы мемлекеттік педагогикалық институтын бітіреді.

1951–1964 жылдар аралығында Қазақтың оқу-педагогика баспасында аға редактор, редакция меңгерушісі, ҚазКСР ҒА Тіл-әдебиет институтында кіші ғылыми қызметкер, кейін А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтында бөлім меңгерушісі, бас ғылыми қызметкер лауазымдарында жұмыс істейді.

Білікті, тамаша ғалым болумен қатар Рәбиға апа сүйікті жар, байсалды ана, дос-жаранға сыйлы болды. Бақилық болғанша ақ мәрмәрдай тап-таза арына кір шалдырмай кетті.

Жақұттай жарқыраған есім

«Жеріне қарап дән өседі, тегіне қарап жан өседі» дегендей, Рәбиға апа – текті атаның ұрпағы. Затында, қанында бар қасиетке дауа жоқ қой. Терең білімімен тіл біліміне өшпестей үлес қосты. Ғылыми нәтижелерін ел игілігіне ұсынып, соңына ерген ізбасар ғалым шәкірттеріне жол көрсетті, тәрбиеледі. Рәбиға апамыздың өмірін ғалымның ғылымдағы өзіндік дара жолы ретінде тануға болады.

Тегінде мықтыны мықты ғана танып, әділ бағалайды. 1959 жылы ҚазКСР Ғылым академиясының Әдебиет және өнер

институтында «Әдеби мұра және оны зерттеу» атты ғылыми-теориялық конференцияда Мұхтар Әуезов апамыздың сөзіне тәнті болып: «Рәбиға Сыздықова кенеулі ойы бар және сол ойды таратып айта аларлық тіл құдіреті мейлінше жеткілікті екендігін аңғартты», – деген екен. Ұлы жазушының осы сөздері жүрек әмірімен, акеділ көңілімен айтылғанына ешқандай шүбә келтіре алмаймыз.

Ұлтымыздың тілі үшін жанкештілікпен еңбек еткен ғалым апамыз – «Абай өлендерінің синтаксистік құрылысы», «Абай шығармаларының тілі», «Абайдың сөз өрнегі», «Қазақ әдеби тілінің тарихы», «Язык «Жамиат-тауарих» Жалаири», Ясауи «Хикметтерінің» тілі», «Қазақ тілінің анықтағышы», т.с.с. отызға жуық кітаптың авторы. Еңбектері тілге қатысты өзекті мәселелерді қозғайды.

Ғылымдағы дара жол

Рәбиға Сыздықова – артына өшпестей із қалдырған ғалым. Кітаптары, мақалалары, сұхбаттары, сан қилы әңгімелелері, абзал адами қасиеттері ғалымның бейнесін дара тұлға деңгейіне көтере білді. Апайымызды халық еліміздің ғылымына зор еңбегі сіңген қайраткер, көрнекті ұстаз, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының және Ш.Уәлиханов атындағы сыйлықтың иегері, ҚР Ұлттық Ғылым академиясының академигі, филология ғылымдарының

докторы, профессор, ана тіліміздің абыз анасына айналған зерделі зерттеуші ретінде жақсы таниды. «Еселі еңбек еш болмайды», – деген. Апайымыздың көп жылғы еңбегі ескеріліп, «Құрмет белгісі» орденімен, ҚР Жоғарғы кеңесінің Құрмет грамоталарымен, «Барыс» орденімен марапатталды.

2004 жылдың қыркүйек айында Атырау университетінің ректоры – Асхат Сәлімұлы Иманғалиев Рәбиға апайды университеттің студенттеріне дәріс оқуға әрі мерейлі 80 жасқа толуына орай құрмет көрсетуге шақырған болатын. Бұл жұмысты ұйымдастырып, басы-қасында болған, сол кездегі ғылыми жұмыс бойынша проректор, ауыл шаруашылық ғылымдарының докторы, профессор, Атырау облысының Құрметті азаматы – Бақтыбек Жұбандықұлы Таубаев ғалым апайымыз туралы: «Рәбиға Сәтқалиқызы келген сайын университет жастарымен кездесіп, аналық, ұстаздық ақыл-айтатын. Қазіргідей, жастарға барлық жағдай жасалып жатқан кезде қиындықтан қашпай еңбектенуге, оқу-білімге зейін қойып, ғылыммен шұғылдануға шақырушы еді. Апай – сөздерді дұрыс жазу нормасын алғаш рет анықтаған, сөз құдіретін ұғынықты жеткізген тіл жанашыры», – дейді.

Мұның бәрі жасынан әке-шешесінің тәрбиесінен, ортасынан, өзінің ақыл-парасат, сана-сезімінен де шығар. Ең бастысы – өмірдің қандай кезеңдерінде болмасын, сабыр сақтап, тәубеге келуінде, жұртты жан жүрегімен түсіне білуінде дер едім. Өмірі «Мен болдым, толдым!» деп кеуде қақпаған бір жан болса – осы Рәбиға апа еді. Мінезі көркем, өте ұстамды, еш уақытта сабасынан шықпайтын сабырлы болатын. Адамды абзал атына сай ететін адал еңбегі мен көркем мінезі ғой. Талапты жастардың қолтығынан демеді, оларға деген шапағат-мейірімі де ерекше болды.

Мазмұнды да мәнді ғұмыр

Рәбиға апа өмірінің соңғы күндеріне дейін көз жанары сыр берсе де, еңбектен қол үзген жоқ: үйде отырып ғылыми еңбектер, мақалалар жазды, шәкірттеріне бағыт-бағдар берді, диссертациялық жұмыстардың талқылауына, қорғауларға қатысып, ұсыныс-пікірін айтып жүрді. Бүгінде апайдың тәрбиелеген шәкірттері еліміздің түкпір-түкпірінде білім саласында еңбек етуде. Солардың бірі – басқаны айтпағанда, апай сырқаттанып қалғанда туған қызындай қамқорлық көрсеткен шәкірті, филология ғылымдарының докторы Орынай Жұбайға ағайындар атынан шексіз ризашылығымызды білдіреміз.

Әулетіміздің ардақтысы – Рәбиға Сәтқалиқызы 2020 жылы тоқсан алты жасқа қараған шағында дүниеден озды. Амал не, ажал күтпейтіні белгілі. Биыл апамыз арамызда болғанда 100 жасқа толып, елінің, шәкірттерінің шаттығына бөленіп, марқайып қалар еді. Мұндай қуаныш оған да, бізге де бұйырмады. Тағдырдың жазуы басқа болды...

Ұлы ойшыл Әл-Фарабидің «Әр дәуірдің өсіп-өркендеуіне адал еңбек еткен адам ғана – қайраткер» деген қанатты қағидасы Рәбиға Сәтқалиқызына арналып айтылғандай. Апамыз осы қағида үлесінде лайық қызмет етіп, халық құрметіне бөленген, ұрпағын өсіріп, баршаға мейірлі шуағын шашқан тұлға ретінде ел-жұртының жүрегінде мәңгі сақталары анық.

Апамыздың тіршіліктегі тындырған істері, ұлағатты болмысы – дәтке қуат, жанға жұбаныш. Ол кісі мазмұнды да сұлу ғұмыр кешіп, азаматтық тұлғасына қылау түсірмей өтті. Асыл ана, аяулы жар, ардақты дос бола білді. Өз биігінен төмендемей, сыны мен сыйын қашырмай, ешнәрсеге мұқтаж болмай, жастарға ақ батасын беріп, қазыналы қарттығын қадірменді өткізді. Ападың ғылым жолындағы төккен тері мен атқарған ерен еңбегі, тіл мамандары, ғалымдар мен шәкірттеріне шашқан шуағы ешқашан ұмытылмас. «Жақсының аты, ғалымның хаты өлмейді» деген. Қалай айтқанда да, уақыт өткен сайын ардақ тұтар апамыздың жақұттай жарқыраған есімі ғалымды білетін жұртшылықтың, шәкірттерінің есінде мәңгіге сақталатыны шындық. Оны ешкім де жоққа шығара алмайды.

Қосыбек ЫРЗАҒАЛИЕВ,
ауыл шаруашылық ғылымының докторы.

Әулетіміздің ардақтысы Рәбиға Сәтқалиқызы – 2020 жылы тоқсан алты жасқа қараған шағында дүниеден озды. Амал не, ажал күтпейтіні белгілі. Биыл апамыз арамызда болғанда 100 жасқа толып, елінің, шәкірттерінің шаттығына бөленіп, марқайып қалар еді. Мұндай қуаныш оған да, бізге де бұйырмады. Тағдырдың жазуы басқа болды...



ЖАҢА ИННОВАЦИЯ

«ЗЕРГЕРЛІК» ОТА

Алматылық дәрігерлер әлемдік деңгейдегі жоғары медицинаны меңгерген

Алматы қалалық №2 балалар клиникалық ауруханасының травматолог-ортопедтері жоғарғы нервтердің қатты зақымдануымен сол қолдың қызметін кейіннен қалпына келтіру үшін қолына қабырға аралық нервтерді трансплантациялау арқылы 15 жасар бозбалаға микрохирургиялық, бірегей операция жасады.



айтқанда, қолдың саусақтарының кеңеюі. Баланың саусақтары әрдайым бүгілген күйде болатын және заттарды қамту үшін саусақтардың кеңеюі жетіспеді. Операцияның бұл түрлері техникалық жағынан күрделі және көп уақытты қажет етеді (нervтердің қозғалысы 3-4 сағатты алады, бұлшықет қайта отырғызуы 6-7 сағат), осыған байланысты екі кезеңге бөлінеді», – дейді емдеуші дәрігер, №2 БҚКА травматологы Ұлжан Солтанбекова.

Қазақстандық-ресейлік травматологтар мен микрохирургтардың «зергерлік» жұмыстары жоғары деңгейде орындалды. Бұл әлемдік деңгейдегі жоғары медицина. Жасөспірімнің операциядан кейінгі жағдайы жақсы болып, тез қалпына келіп, сегіз күнде жазылып шықты. Енді операцияның екінші кезеңі жоспарланып отыр. Ол алты айдан кейін жасалады.

Инновациялық осындай тың операциялар балалар арасындағы ауру мен мүгедектікті жеңуге мүмкіндік береді. Алматылық дәрігерлерге осы көлемді операцияны орындауға және өте күрделі тапсырманы жеңуге мәскеулік әріптес, әйгілі микрохирург Игорь Голубев көмектесті.

Баланың ата-анасының айтуынша, олардың ұлы бала күнінде, 10 жыл бұрын, өзінде жүзіп жүргенде ауыр жарақат алған.

«Екі жыл бұрын Алматының №2 Алматы қалалық балалар клиникалық ауруханасында алғаш рет жасөспірімге шынтық буынында қолды бұғу функциясына қол жеткізу үшін бицепске жіңішке жамбас бұлшықетін қайта отырғызу операциясының бірінші кезеңі өтті және ол ауызға дейін жетті. Нәтижелі болды. Келесі кезең осы келу кезінде операция жоспарланған болатын – жіңішке бұлшықетті екінші аяғынан қайта отырғызу үшін кейінгі трансплантациялау операциясына дайындық мақсатында сол жақ шықтың жоғарғы үштен біріне бірнеше қабырға аралық нервтерді қайта отырғызу және саусақтардың жұмысын одан әрі қалпына келтіру үшін жұмыс істейтін жылжытылған нервтерге қосылу. Атап

МАМАН ПІКІРІ

Жоспарлы кесарь тілігі – әйел өздігінен табиғи жолмен босана алмайтын жағдайда немесе ана мен оның құрсағындағы шарананың денсаулығына айтарлықтай қауіп төнгенде жасалатын хирургиялық операция. Бұл операцияға дайындықтың негізгі аспектілерінің бірі – тиісті анестезияны таңдау.

ЖҰЛЫН

АНЕСТЕЗИЯСЫ

Бұл ана мен бала үшін қауіпсіз әдіс

Алматының №2 қалалық перинаталдық орталығының реаниматологы Бағдат Достарбаевтың айтуынша, жоспарлы кесарь тілігі кезінде 95% жағдайда жұлын анестезиясы қолданылады.

«Жұлын анестезиясы терең жансыздандыруды және жүйке ұштарын тез блокадалауды қамтамасыз ететін жұлын сұйықтығына анестетикті енгізуді қамтиды, бұл эмоционалды жайлылық пен баланың туылған сәтіне қатысу үшін маңызды болуы мүмкін», – дейді Бағдат Достарбаев.

Дәрігер жұлын анестезиясы әдетте ана мен бала үшін қауіпсіз әдіс екенін атап өтті. Ол операция кезінде ауырсынуды тиімді басқарады және балаға әсерін азайтады. Процедура дұрыс әрі барлық медициналық ұсыныстар орындалса, тәуекелдер аз болады. Кесарь тілігінің 5%-ында жалпы анестезия қолданылады. Бұл тамыр немесе ингаляция арқылы енгізілетін анестетиктерді қолданып, ұйықтатып тастау әдісі. Жалпы, анестезия жоспарланған кесарь тілігі үшін сирек қолданылады және



анестезияның басқа әдістері мүмкін болмаса немесе қарсы көрсетілмдер болса, төтенше жағдайларда жиі қолданылады дейді дәрігер.

Жалпы анестезияның кемшілігі – оның ана мен баланың денсаулығына кері әсерін тигізуі ықтимал. Мәселен, жүрек айну, құсу, бас айналу сынды басқа да жанама әсерлер тудыруы мүмкін. Дегенмен, анестезия әдісін таңдау медициналық көрсеткіштерге және пациенттің қалауына байланысты және максималды қауіпсіздік пен жайлылықты қамтамасыз ету үшін медициналық қызметкерлермен талқылануы керек.

КӘСІБИ ШЕБЕРЛІК

Алматыда Кардиология және ішкі аурулар ҒЗИ миокард инфаркті бастан өткерген Маңғыстау облысының Жаңаөзен қаласынан келген 20 жастағы жігітке бірегей операция жасады.



КҮРДЕЛІ ДЕ СӘТТІ ШЕШІМ

Инфаркт алған 20 жастағы жігіттің жүрегіне бірегей ота жасалды

Дәрігерлердің айтуынша, 20 жастағы Әлімжан өте жоғары жүрек соғу жиілігіне, сонымен қатар күйдіру, қысым сипаттарындағы кеуде тұсы ауырсынуларына шағымданған. Мұндай жүрек соғысы алғаш рет 1,5 жыл бұрын пайда болған, бірақ ол дәрігерлерге жүгінбеген.

Осы жылдың маусым айында жағдайы нашарлап, жедел медициналық көмек шақыру кезінде алдын ала жүректің ишемиялық ауруы, жедел миокард инфаркті, жүрекше фибрилляцияның пароксизмальды түрі диагнозы қойылған. Қосымша тексеру жүргізу кезінде туа біткен жүрек патологиясы (Вольф-Паркинсон Уайт синдромы) анықталды. КІАҒЗИ жағдайында жүректі электрофизиологиялық зерттеу және радиожилікті катетерлік абляция ұсынылды.

Науқастың жастығын, жақында дамыған миокард инфаркті, туа біткен жүрек патологиясының болуын, сондай-ақ өлімге әкелуі мүмкін миокард инфарктінің қайталану қаупінің жоғары болуын ескере отырып, клиниканың аритмологтары науқасқа Ресей профессоры, м.ғ.д. Сергей Артеменконың

басшылығымен операция жасады. Жергілікті анестезиямен жасалған операция екі сағатқа созылып, өте сәтті аяқталды.

«Біз Сергей Николаевичпен 12 жылдан астам уақыт жұмыс істеп келеміз, ол біздің дәрігерлермен бірге жүрек ырғағының бұзылуы бар ең ауыр науқастарға операция жасайды.

Бізге бар жабдық әлемдік стандарттарға сай келеді және ең күрделі операцияларды жасауға, диагностикалау дәлдігінің арқасында олардың тиімділігін арттыруға, болашақта қайталанатын операция жасау қажеттілігін азайтуға, кенеттен болатын өлім мен миокард инфаркті, жүрек қызметінің жеткіліксіздігінің дамуы, инсульт және т.б. асқинулардың санын азайтуға мүмкіндік береді», – дейді Басқарма төрағасы Марат Пашимов.

Ал бөлімше меңгерушісі Бағдат Ахыт өз кезегінде: «Операция барысында жақсы нәтижеге қол жеткізілді, науқас жалпы палатаға ауыстырылды. Болжам өте жақсы, пациентте ұстамалардың қайталану қаупі жоқ», – деді.

МЕДИЦИНА ЖЕТІСТІГІ

ЕМ-ДОМ САПАСЫ АРТТЫ

Алматы онкология орталығында сәулелік терапия қарқын алды

Алматы онкологиялық орталығының мүмкіндігі жылдан-жылға артып келеді. Биылғы бірінші жартыжылдықта мұнда 1500 хирургиялық ота жасалған. Бұл былтырғы осы кезеңмен салыстырғанда 99 операцияға көп деген сөз.

Естеріңізге сала кетейік, Алматы онкологиялық орталығы қалалық пациенттерге онкологиялық көмектің ІІ деңгейін көрсетеді. Жүргізілетін оталар, соның ішінде жоғары технологиялық оталар санының ұлғаюы өлім-жітім көрсеткішін едәуір төмендетті. Науқастарды мамандандырылған емдеумен қамту артты. 2024 жылы 11 740 пациент емделді, бұл 2023 жылмен салыстырғанда 1547 адамға көп. Бұл көрсеткішке химиотерапия және сәулелік терапия кіреді. 2023 жылы 8372 науқаспен салыстырғанда 9790 пациент химиотерапиялық ем алды.

Онкологиялық науқастарды сәулелік терапиямен қамтудың артуы байқалады. 2024 жылдың алғашқы алты айында радиология бөлімі 624 онконауқасқа 10 608 сәулелік терапия сеансын жасады. 2023 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда бұл айтарлықтай өсті, өткен жылы 523 науқасқа 9632 сеанс жүргізілген. Биылғы алғашқы алты айда қатерлі ісікке



күдікті және онкологиялық науқастарға 340 627 диагностикалық тексеру жүргізілді. Былтыр бұл көрсеткіш 321 110 болатын. Осыған қарап қаланың медициналық жүйесіне және көрсетілетін медициналық көмек сапасына деген сенімнің артқанын байқауға болады.

Алматы онкологиялық орталығы көрсетілетін көмек көлемін ұлғайтып қана қоймай, сонымен қатар еліміздің түкпір-түкпірінен келген пациенттердің мүмкіндігін кеңейтіп, қызметін белсенді түрде дамытып келеді. Онколог-мамандарды емдеудің жаңа әдістерін үйренуіне ерекше көңіл бөлінеді. 2024 жылдың бірінші жартыжылдығында бес

дәрігер шетелдің жетекші клиникасында тағылымдамадан өтті, бұл оларға озық технологияларды енгізуге және емдеу сапасын арттыруға мүмкіндік береді.

Алматы онкологиялық орталығы медициналық көмек пен кәсібиліктің жоғары стандарттарын көрсете отырып, дамуын жалғастырады. Ота санының артуы, отадан кейінгі өлім-жітімнің төмендеуі және мамандандырылған емдеу түрлерінің көбеюі оның еліміздегі жетекші медициналық мекемелердің бірі ретіндегі мәртебесін көтеретіні сөзсіз.

Бетті әзірлеген
Нұржамал ӘЛШЕВА.



ПАРИЖ – 2024

БІЗ СІЗДЕРМЕН МАҚТАНАМЫЗ!



Ел намысын абыроймен қорғап, Көк туды көкте желбіреткен Олимпиада жеңімпаздарын олардың туған-туыстары мен жанкүйерлері, достары мен БАҚ өкілдері салтанатты түрде күтіп алды. Алматы әуежайында Нариман Құрбанов пен Милад Каримиге 1 миллион теңгенің сертификаты табысталды.

Салтанатты рәсім кезінде Олимпиаданың күміс жүлдегері Нариман Құрбанов жарыстан алған әсерімен бөлісіп, алдағы жоспары туралы айтты.

– Бәрі маған үміт артты, өзім жүлде алатыныма сендім. Бірақ қазіргі дейін мұның бәрі шынымен болып жатқанына сене алар емеспін. Жеңісімді еліме арнаймын. Олардың қолдауын сезініп жатырмын, көп алғыс алдым. Қазір елімізде спорттық гимнастикаға жақсы көңіл бөлініп жатыр. Алынған медальдан кейін одан да жақсы жағдай жасалады деп ойлаймын. Шеберлігімнің шыңына енді шығып келе жатырмын. Менің бағытымдағы гимнаст үшін спортта қалып, алтын үшін күресу дұрыс болады, – деді ол.

Олимпиаданың қола жүлдегері Ислам Сәтпаев та Париж төріндегі жеңісіне байланысты пікір білдірді.

– Бұл жүлде мен үшін күтпеген жерден келген жоқ. Өйткені, біз өте жақсы дайындықтан өттік. Психологиялық тұрғыдан дайын болдық. Олимпиада басталған кезде медаль алатын күн туғанын анық білдім. Енді біздің келесі мақсатымыз – 2028 жылы Америкада өтетін Олимпиада, – деп Ислам Сәтпаев пікір білдірсе, Александра Ле Қазақстанды сағынғанын айтты. – Бізді осындай ыстық ықыласпен күтіп алғандарыңызға алғыс айтамын. Отанымызды сағынып қалдық. Өз елімізде жеңісіміз ерекше сезіледі. Біз көп жылдар бойы нысана көздеуде орнаған тыныштықты бұзып, жүлделі болғанымызды енді ғана түсіне бастадық. Бастысы, қазақстандықтар тек қана мықты емес, әрі мерген екенін әлемге дәлелдедік.

Ал нысана көздеуден Қазақстанның бас бапкері Ольга Довчук шәкірттерінің нәтижесін мақтан тұтатынын айтты.

– Спортшылардың дайындығы жақсы болды. Соңғы екі

Нариман, Ислам мен Александра

Алматыға келді

Париж Олимпиадасына қатысқан Ұлттық құрама спортшыларының бір тобы елге оралды. Олардың қатарында Париж Олимпиадасының күміс жүлдегері Нариман Құрбанов және Олимпиаданың қола жүлдегерлері Ислам Сәтпаев пен Александра Ле бар.

жыл бойы біз дәл осы сайысқа дайындалдық. Олимпиадада ойнатылған алғашқы жүлдені жеңу – үлкен жетістік. Жалпы нысана көздеуден 82 ел жарысқа қатысып, тек 19-ы жүлделі болды. Азия құрлығында қазір бәсекелестік өте жоғары. Бірақ әлем қазір бізді танып, бізден тіпті қорқа бастады. Бұл біз үшін мақтаныш, – деді бапкер.

Айта кеткен жөн, 27 шілде күні пневматикалық винтовкамен 10 метрге нысана көздеуден аралас командалық сында Ислам Сәтпаев пен Александра Ле Олимпиаданың қола жүлдесін жеңіп алды. Ал 3 тамыз күні Нариман Құрбанов Париж Олимпиадасында спорттық гимнастиканың ат снарядындағы жаттығуда күміс жүлдеге қол жеткізді.

Бұл жолғы Париж Олимпиадасы біршама ойландырды. Үкілеген үміт те, төгілген тер де көп болды. Бірақ сәттілік жетпеді. Бәлкім, бабы келіссе де, бағы жанбаған болар. Әйтеуір ойдағыдай бола қоймады. Ел қоржынына бір қола, қос күміс қосылды.



Назым, Нұрбек, Демеу

Байрақты бәсекенің кейінгі үш күнінде жерлестеріміз ерледі

өзбек боксшылары атой салып жатыр. Шаршы алаңда сылбыр қозғалмайды, барын салады, әйтеуір алтын жүлдеге қол жеткізеді. Шындығында, осындай жанқиярлық бізге жетіспейді.

Нұрбек – жас спортшы. Жетістіктері де аз емес. Нақтырақ, 2022 жылы Омандағы Азия біріншілігінде – қола, 2023 жылғы Ташкенттегі Әлем чемпионатында – алтын, ал Париж Олимпиадасында – күміс жүлде иеленді.

Оның жұдырыктасатын сәті алда. Ең негізгісі, жаңа стильге көшкен дұрыс секілді. Жалпы, боксты аяққа тұрғызуда «атын атап, түсін түстемесек те» бұған дейінгі Олимпиада чемпиондары жазба жариялады. Білгеннің тілін алған дұрыс.

Демеу күреске дем берді

Қазақ жанкүйерлерінің ой-ықыласы бокстан соң күреске ауды. Грек-рим күресі бойынша балуандар боз кілемге шықты. Бірақ бұқара бұған мән бере қоймады. Күтпеген жерден шымыр жігіттер атой сала бастады. Алғашқы жүлдеге көңіл толады.

Париж Олимпиадасында күрестен ел

қоржынына күмістен жүлде түсті. Бұл да көптен күткен жаңалық. Грек-рим күресінен балуандар белдесуде.

Жарыстың алғашқы күндерінде Демеу Жадыраев жадырай түсті. Белдескеннің белін үзді. Алып та, шалып та жықты. Бірақ өзінен шағын қарсылас жапондық балуанға есе жіберді. Сөйтіп, ақтық сында күмісті қанағат тұтты. Дәп Демеуге өкпе болмауы тиіс. Ол 34 жасына дейін талмай күресіп, ақыры Олимпиадада өзін дәлелдеді. Бізге айту оңай, әйтсе де қанша жылғы еткен еңбек еселенді.

Демеу көп жылдан бері спортта. Оның жүріп өткен жолы күреске толы. 2017 жылы Париждегі Әлем чемпионатында – күміс, Азия біріншіліктерінің әр кезеңінде – қола, ны да, күмісті де алған. Ең негізгісі, Парижде – күміс медаль ұтты. Балуанның бұл күміс жүлдесі алтынға бергісіз.

Назым ерледі

Назым Қызайбай бокстан әйелдер арасында Олимпиада ойындарының қола жүлдегері атанды. Осылайша жерлестерін бір қуанып тастады. Бұл жолғы жұдырықтасуды Алматыда ата-анасымен бірге, телеэкран арқылы туыстары, достары, үзеңгілестері және

алматылықтар тамашалады. Оған тілеулес болып, қолдау танытты. Біз де осы сәтке куә болып қайттық.

Ең әуелі перзентінің ыстық-суығына жаны күйетін, қуанышына қуанатын ана жүрегi. Әсіресе, бокс кезінде қатты қолдау білдірген анасының ойын білдік.

«Қызым жастайынан спортқа барды. Ұл балалармен көбірек ойнаушы еді. Ешкімге есесін жібермейтін. Мақсаты қазақтың Көк туын желбірету болды. Алғашқы Олимпиадасына барып қола еншіледі. Бәріне тәубе! Қолдаушыларға рахмет», – деді анасы Кәмшат Ахетқызы.

Назымға ең бірінші тілеулестік білдіретін оның отбасы екені анық. Орайлы тұсты пайдаланып, ой-пікірлерін жазып алған едік.

«Қызымыз Олимпиаданың қола жүлдегері атанды. Қуанып отырмыз. Ендігі кезекте елге оралып, отбасын құрса дейміз. Дегенмен, келген соң қалай ететінін өзі шешеді. Қазақ елі, жүлде құтты болсын!», – деді әкесі Абай Қызайбайұлы.

Әр қазақтың ұл-қызы, жетістікке жетіп, биік белестерді бағындыра бергейсіздер!

Бетгі әзірлегендер Досбол АТАЖАН, Олжас ЖОЛДЫБАЙ.

АЛМАТЫ КІТАПХАНАЛАРЫ

АЛТЫН ҚАЗЫНА

Шаһарда 2030 жылға дейін тағы
20 жаңа кітапхана ашылады

Бұл ретте кітапхана тапшылығы байқалатын қаланың шалғай аудандарына мән берілетін болады. Сонымен қатар, саябақтарда, скверлер мен сауда орталықтарында кітапхана павильондары мен аппараттары пайда болады. Яғни көшілік қазір аппарат арқылы кофені өз бетінше жасап, өзімен алып кетіп жүрсе, алдағы уақытта автоматтандырылған аппараттан кітапты тегін алып, оқыған соң қайта кітапханаға қайтара алады. Осылайша Алматы осындай креативті жоба ұсынып, жүзеге асыруға дайын алғашқы қала болмақ. Мәдениет басқармасы БАҚ өкілдеріне кітапханалар бойынша пресс-тур ұйымдастырып, саладағы осы және басқа да жетістіктер туралы айтып берді. Айта кетейік, биыл Алматы кітапханаларының құрылғанына 40 жыл толды.



(Суретті түсірген Қ.ҚОНЫСБАЕВ).

Ернұр
РЫСБАЙ

кітапхана жүйесінің директоры Мейрам Бектембаев.

Қаланың орталықтандырылған кітапхана жүйесінің кітап қоры 1 300 000 данадан асады, оның 18%-ы толығымен цифрландырылған. Сонымен қатар, кітаптар каталогы ОКЖ сайтында орналастырылған және барлығына қолжетімді. Сондай-ақ, қазіргі уақытта мүмкіндігі шектеулі азаматтар үшін үйге кітап жеткізу қызметі тестілеуден өткізілуде.

Баспасөз туры барысында журналистер кітапхана қызметкерлерімен сөйлесіп, түрлі филиалдарға барды, қорда сақталған басылымдармен де танысты. №10 кітапхана меңгерушісі Надежда Тен халықаралық ынтымақтастық аясындағы жобалар туралы айтты. Алматы кітапханашылары биыл Швейцария, Германия, Жапония, Оңтүстік Корея және Грузияның жетекші кітапханаларында біліктілігін арттырып, оқудан өтті.

«Қала басшысы мен Мәдениет басқармасы біздің саламызды дамытуға қатысты мәселелерге айтарлықтай көңіл бөледі. Әсіресе, қызметкерлердің біліктілігін арттыру, жұмысқа қолайлы жағдай жасауға ерекше мән беріп келеді. Біз алғаш рет әлемнің жетекші білім беру орталықтары мен кітапханаларында оқуға мүмкіндік алдық. Мен өзім Оңтүстік Кореяда тағылымдамадан өттім. Біз Старфилд, Намсан сияқты әйгілі кітапханаларға, сондай-ақ университеттер мен балалар кітапханаларына бардық. Оқу аяқталған соң, біз әріптестерімізбен алған барлық білімімізді өзара саралап, әсерлеріміз туралы айттық. Шет елде алған біліміміз бен жаңа идеяларымызды әкімдік қалалық кітапханаларға енгізе бастады. Бұл расында керемет нәтиже», – деп бөлісті ол.

Қазір қалалық кітапханаларда авто-

маттандырылған ақпараттық-кітапханалық жүйе іске қосылды, оны енгізу арқылы бірқатар жаңа мүмкіндіктер пайда болды. Мәселен, электрондық оқырман билетін шығарып беру, оқырмандардың сұраныстарын

өңдеу, қажетті әдебиеттерді іріктеу, тапсырыс беру және резервтеу, кітаптарды автоматтандырылған режимде беру және қайтару, кітапханалық-ақпараттық технологияларды кешенді автоматтандыру.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Кітапхана қорында әлемнің 123 тілінде
7 миллионнан астам кітап бар

Шаһарымызда бір ғасырдан артық жұмыс жасап тұрған көне кітапхана бар. Абай даңғылында орналасқан бұл кітап ордасы қанша ұрпақты білім нәрімен сусындатты. Өмір бәйгесіне небір жүйріктерді қосты десек те артық емес. Ұлттық кітапхана қорында әлем халықтарының 7 миллионнан астам кітабы сақталған.

«Кітапхананың сирек кітаптар мен қолжазбалар жинағында 40 мыңнан астам құжат бар. Олардың бір мыңнан астамы қолжазбалар. XII-XIX ғасырлардағы тарих, география, медицина, математика, философия, лингвистика және зерттеушілер үшін ғылыми қызығушылық тудыратын басқа да шығыс қолжазбаларының бай жинағымен мақтана аламыз. Қолжазбалар араб, парсы, түрік, өзбек, шаатай және басқа тілдерде жазылған. Кітапхана қорында әлемнің 123 тіліндегі 7 миллионнан астам кітап бар», – деді Қазақстанның кітапхана одағының төрағасы Бақытжамал Оспанова. Кітапханада кітаптан бөлек сирек кездесетін материалдар сақталған. Тіпті, С.М.Эйзенштейн мен В.Л.Воиновтың суреттері салынған 8 дәптер сақталған екен.

«Қорда 3700 грампластинкадан тұратын қазақ музыкасының баға жетпес фонотекасы сақталған. Оның ішінде Дина Нұрпейісова, Дәулеткерей, Жаяу Мұса, Ақан Сері, Мәди, Әміре Қашаубаев, Күләш Байсейітова, Манарбек Ержанов, Қанабек Байсейітов, Жүсіпбек Елебеков, Бибігүл Төлегенова, Роза Бағланова және қазақ музыкасының т.б. сирек кездесетін жазбалар бар», – деді Ұлттық кітапхана директорының кітапхана жұмысы жөніндегі орынбасары Ажар Юсупова.

ДӘРІС

ЕРЕКШЕ ЖАНДАР
жасанды интеллектіні меңгередіШаһарда ерекше қажеттілігі бар жастарға арналған
оқыту лагері ашылдыАйнабай
МӘДИ

Екі күн ішінде 8 өңірден келген қатысушылар коммуникативтік, көшбасшылық дағдыны, басқа да негізгі кәсіби құзыретті меңгереді. Аталған оқу лагері шілденің ортасында Астанада өткен болатын. Алматы лагерінің ашылуына «Samruk-Kazyna Trust» корпоративтік қорының бас директоры Альфия Адиева, ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Ерлан Стамбеков, «Шелл Қазақстан» компаниясының әлеуметтік мәселелер жөніндегі талдаушысы Әлия Ибадильдина қатысты.

«Samruk-Kazyna Trust» бас директоры Альфия Адиеваның айтуынша, жоба кәсіби және әлеуметтік дағдыларды дамыту арқылы ерекше жандарды жұмысқа орналастыруға

жәрдемдесу. «Инклюзия саласы біздің басым бағытымыз. Сондықтан ерекше қажеттілігі бар азаматтар үшін денсаулық, білім беру, демалыс, спорт пен кәсіби қызметін қамтитын жүйелі тәсілдерді, экожүйені қалыптастыру маңызды.

«Бүгінде «Самұрық-Қазына» қолдауымен оңалту орталықтарының желісі құрылды. Олардың саны 40-қа жетті. 23 қала мен елдімекенде бейімделген спорт түрлері бойынша секциялар ашылып, 200 ерекше бала мен олардың ата-аналарына арналған инклюзивті спорттық-мотивациялық лагерь ұйымдастырылды. Астанада биыл 5 жаңа инклюзияны қолдау кабинеті ашылады», – деп атап өтті лагерьдің ашылу салтанатында қор басшысы Альфия Адиева.

Жоба басталғаннан бері Қазақстанның түкпір-түкпірінен 18–35 жас аралығындағы ерекше қажеттілігі бар жастардан 1800-ден астам өтінім келіп түсті. Қатысушылар цифрлық мамандықтарды меңгеріп қана қоймай, оларға жұмыс орнын табуға қолдау көрсетіледі. Сонымен қатар, оқу барысында студенттерге түйіндеме жасау, жұмыс іздеу, сұхбаттасуға дайындық бойынша онлайн-платформамен байланыс бойынша ұсыныстар беріледі. Айта кетерлігі, «OrleTECH 3.0» жобасы «Samruk-Kazyna Trust» қоры мен «Шелл Қазақстан» компаниясының қаржылай қолдауымен «Iteachme» қорымен серіктестікте жүзеге асырылуда.



«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛЫҢЫЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне 2024 жылға жазылу жүріп жатыр!

«ALMATY AQSHAMY» – алматылықтардың да, еліміздің барлық дерлік өңірлеріндегі оқырмандарымыздың да асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымы! Қазақ сөз өнері мен журналистикасының дәстүрлі мектебі!

БІЗ газетімізді асыға күтетін оқырмандарымызбен және тұрақты авторларымызбен әрдайым БІРГЕМІЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты бөлімшелерінде, «Евразия Пресс» агенттігі», «Эврика Пресс» өкілдіктерінде жазылуға болады. Бізді **aqshamnews.kz** сайтынан да оқыңыздар!

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ 2024 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:

65503 (жеке жазылушылар үшін) 1 айға – 536,12 теңге, 3 айға – 1608,36 теңге, 4 айға – 2144,48 теңге

15503 (кәсіпорындар мен ұйымдар үшін) 1 айға – 736,12 теңге, 3 айға – 2208,36 теңге, 4 айға – 5944,48 теңге

95503 (зейнеткерлер, мүгедектер мен ҰОС ардагерлері үшін) 1 айға – 336,12 теңге, 3 айға – 1008,36 теңге, 4 айға – 1344,48 теңге

Анықтама үшін телефондар: 8 (727) 293-08-12, 293-08-25, 293-08-03.

Құрметті оқырмандар!

«Almaty aqshamy» газетінің баспа нұсқасына жазылуды енді **Post.kz сайты** арқылы немесе мобильді қосымшаны пайдалана отырып, онлайн режимде ресімдеуге болатынын қуана хабарлаймыз. Жылдам іздеу функциясы арқылы «Almaty aqshamy» газетін тауып, оған жазылуды бір сәтте ресімдеуге болады. Газетке жазылу үшін оның қажетті санын, жазылу мерзімін көрсетіп, кез келген банктің картасымен төлем жасау қажет. Жазылу индекстері мен жазылу құны «Almaty aqshamy» газетінің баспа нұсқасына жазылумен тең. Газет **Post.kz**-пен ресімдеу кезінде көрсетілген мекенжай бойынша жеткізіледі. Қызмет **24/7** қолжетімді.

ҚАУЛЫ

Алматы қаласы әкімдігінің 2024 жылғы 8 тамыздағы №3/373-1474 қаулысы

Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 84-бабына, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңына сәйкес, «Алматы қаласы Экология және қоршаған орта басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2024 жылғы 23 мамырдағы № 43.3-43/491-ІІ хаты негізінде, Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

- Ортақ пайдалану объектісін салу үшін (Кіші Алматы өзенінің жекелеген учаскелерін реконструкциялау) Алматы қаласы, Түркісіб ауданы, «Қайрат» шағынауданында орналасқан жер учаскелерін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті осы қаулының қосымшасына сәйкес мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.
- Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2025 жылдың 31 желтоқсанына дейін белгіленсін.
- Меншік иелері жүгінетін орын Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Абай даңғылы, 90, 801-кеңсе болып белгіленсін.
- Алматы қаласы әкімінің аппараты осы қаулыны қабылдаған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсын қоса алғанда, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.
- «Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі:
 - заңнамамен белгіленген тәртіпте меншік иелерін хабардар етсін және жер учаскелерінің меншік иелеріне өтемақы төлеуді қамтамасыз етсін;
 - жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығару бойынша іс-шараларды аяқтағаннан кейін жер учаскелерін «Алматы қаласы Экология және қоршаған орта басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің теңгеріміне берсін;
 - Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған өзге де қажетті шараларды қабылдасын.
- Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі

Е.ДОСАЕВ

Алматы қаласы әкімдігінің
2024 жылғы 8 тамыздағы
№3/373-1474 қаулысына қосымша

Мәжбүрлеп иеліктен шығарылуға жататын жер учаскелерінің тізбесі

Р/с №	Жер учаскесінің меншік иесінің (жер пайдаланушының) тегі, аты-жөні (атауы)	Кадастрлық нөмірі	Жер учаскесінің орналасқан жері	Жер учаскесінің ауданы, га
1.	Мусаходжаев Нуралим Төлегенович	20-317-107-731	«Қайрат» шағынауданы, Сарыарқа көшесі, 29-үй	0,0945
2.	Ауганбаев Жасулан Қонысбаевич	20-317-107-888	«Қайрат» шағынауданы, Сарыарқа көшесі, 31-үй	0,0975
3.	Нуриев Камиль Шакирович, Нуриева Венера Гафиуллаевна	20-317-107-408	«Қайрат» шағынауданы, Сарыарқа көшесі, 33-үй	0,0569
4.	Омаркулова Назгуль Базилжановна, Нуржигитов Саламат Оразалыевич	20-317-107-407	«Қайрат» шағын уданы, Сарыарқа көшесі, 35-үй	0,0793
5.	Досайбеков Дастан Кенжебекович	20-317-107-819	«Қайрат» шағынауданы, Сарыарқа көшесі, 37-үй	0,0924

Алматы қаласы әкімдігінің 2024 жылғы 8 тамыздағы №3/373-1475 қаулысы

Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскесін алып қоюға байланысты жер учаскесінің бөлігін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 84-бабына, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңына сәйкес, «Алматы қаласы Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2024 жылғы 27 мамырдағы № 105-К хаты негізінде Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

- Емхана құрылысы үшін Гульмира Даутовна Касымованың Алатау ауданы, «Теректі» шағынауданы, «Казми» кварталы, 434-үй мекенжайы бойынша орналасқан (кадастрлық нөмірі 20-321-068-2447), жалпы ауданы – 3,5727 га жер учаскесінің ауданы – 1,1896 га бөлігін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.
- Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2025 жылдың 31 желтоқсанына дейін белгіленсін.
- Меншік иесі жүгінетін орын Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Абай даңғылы, 90, 801-кеңсе болып белгіленсін.
- Алматы қаласы әкімінің аппараты осы қаулыны қабылдаған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсын қоса алғанда, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.
- «Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі:
 - заңнамамен белгіленген тәртіпте меншік иесін хабардар етсін және жер учаскесінің меншік иесіне өтемақы төлеуді қамтамасыз етсін;
 - жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығару бойынша іс-шараларды аяқтағаннан кейін жер учаскесінің бөлігін «Алматы қаласы Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің теңгеріміне берсін;
 - Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған өзге де қажетті шараларды қабылдасын.
- Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі

Е.ДОСАЕВ

Алматы қаласы әкімдігінің 2024 жылғы 8 тамыздағы №3/373-1476 қаулысы

Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 84-бабына, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңына сәйкес және Алматы қаласы Жер комиссиясының 2023 жылғы 14 маусымдағы №3 қорытындысының негізінде Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

- Көріз сорғы станциясының құрылысы үшін жер учаскелерін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын:
 - Андрей Андреевич Залозныйдың Алматы қаласы, Алатау ауданы, «Боралдай» шағынауданы, Саттаров көшесі, 2-үй мекенжайы бойынша орналасқан (кадастрлық нөмірі 20-321-030-1025), ауданы – 0,0983 га;
 - Арина Геннадьевна Кимның Алматы қаласы, Алатау ауданы, «Боралдай» шағын ауданы, Жаужүрек көшесі, 69-үй мекенжайы бойынша орналасқан (кадастрлық нөмірі 20-321-030-1135), ауданы – 0,1080 га.
 - Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2025 жылдың 31 желтоқсанына дейін белгіленсін.
 - Меншік иелері жүгінетін орын Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Абай даңғылы, 90, 801-кеңсе болып белгіленсін.
- Алматы қаласы әкімінің аппараты осы қаулыны қабылдаған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсын қоса алғанда, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.
- «Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі:
 - заңнамамен белгіленген тәртіпте меншік иелерін хабардар етсін және жер учаскелерінің меншік иелеріне өтемақы төлеуді қамтамасыз етсін;
 - мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару бойынша іс-шараларды аяқтағаннан кейін жер учаскелерін «Алматы қаласы Энергетика және сумен жабдықтау басқармасының» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің теңгеріміне берсін;
 - Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған өзге де қажетті шараларды қабылдасын.
- Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі

Е.ДОСАЕВ

Алматы қаласы әкімдігінің 2024 жылғы 8 тамыздағы №3/373-1477 қаулысы

Алматы қаласы әкімдігінің 2023 жылғы 12 шілдедегі № 3/370-415 «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы» қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

- Алматы қаласы әкімдігінің 2023 жылғы 12 шілдедегі №3/370-415 «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы» қаулысына келесі өзгеріс енгізілсін:
аталған қаулының қосымшасындағы:
келесі редакциядағы реттік нөмірі 68 жолмен толықтырылсын:

«	68	Сидельковский Владимир Семенович	20-313-057-948	«Нұрлытау» шағынауданы, 1382/15 учаске	0,1000
---	----	----------------------------------	----------------	--	--------

».

- Алматы қаласы әкімінің аппараты осы қаулыны қабылдаған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсын қоса алғанда, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.
- Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы осы қаулыдан туындайтын өзге де қажетті шараларды қабылдасын.
- Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі

Е.ДОСАЕВ

Алматы қаласы әкімдігі Алматы қаласы Спорт басқармасының басшысы

Ерден Рашидұлы ХАЙРУЛЛИННИҢ

мезгілсіз қайтыс болуына байланысты марқұмның отбасы мен жақындарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Алматы қаласы мәслихатының депутаттары Алматы қаласы Спорт басқармасының басшысы
Ерден Рашидұлы ХАЙРУЛЛИННИҢ
мезгілсіз қайтыс болуына байланысты туыстары мен жақындарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Алмалы аудандық Ардагерлер кеңесі Ардагерлер кеңесінің белсенді мүшесі
Жолдас Әуесбекұлына жұбайы
Күләш ӘУЕСБЕКОВАНЫҢ
қайтыс болуына байланысты туған-туыстары мен жақындарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.



Бас директор –
Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ

Қабылдау бөлмесі:
тел: 293-08-03.

Бас директордың орынбасары –
Абдухалил ЖАЛИЛОВ
тел: 293-08-03 (ішкі 102).

Бас директордың шығармашылық жөніндегі орынбасары –
Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА
тел.: 293-04-28.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел: 293-52-24.

Бас редактордың орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК
тел: 293-52-36.

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ
тел: 293-52-43.

Жаңалықтар мен ақпарат бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ
тел: 293-52-36.

Коммерциялық директор –
Қуаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел: 293-08-12. E-mail:
rekalatauaqparat@gmail.com

Жарнама және тарату бөлімі. E-mail:
rekalatauaqparat@gmail.com
тел: 293-08-25

Шығармашылық даму жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ.

ГАЗЕТТІ ЖЕТКІЗУ БОЙЫНША

ШАҒЫМДАР БОЛСА...

«Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына:
8 707 862 30 08,
8 777078 53 48

(Татьяна Титова, Логистика және өндіріс бөлімі) телефоны арқылы сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін хабарласыңыз



Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:

«Alatau Aqparat» ЖШС.

E-mail:
alatauaqparat@gmail.com

Мекенжайымыз:

Индекс: 050022.

Шевченко көшесі, 106 А.

Газет аптасына 2 рет, сейсенбі және жұма күндері шығарылады. Нөмірдің таралымы – 10 260 дана (жұма)

Кезекші редактор – Олжас ЖОЛДЫБАЙ

Газет "Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесінде тіркелген. Тіркеу туралы № KZ17VPY00085956 куәлігі 19.01.2024 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy» -ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Алматы-болашақ» АҚ-да басылды. 050026, Алматы қаласы, Мұқанов көшесі, 223 В. Тел.: 8 (727) 378-40-08, 378-42-00. Оффсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газеті «AIR ASTANA» әуе компаниясының бизнес-класс бортында және «Жолаушылар тасымалы» АҚ пойыздарындағы жолаушыларға қолжетімді.



www.instagram.com/aqshamy.official



www.facebook.com/aqshamy.official



www.youtube.com/channel/UCXzM2xrjCHx68r1ggA



web.telegram.org/k/#@aqshamy_kz

ҚАЗАҚЫ ПАЙЫМ

АРША ТҮЙНЕКТЕЙ БАСТАДЫ

Бұл – жаздың бел ортасына келгендігінің белгісі.

Бір арша ағашы шығарған оттегі 30 адамның тыныс алуына жетеді екен

Арша өте әдемі әрі сұлу ағаш. Осы көркіне қоса бірнеше тамаша қасиеті бар. Адамға пайдалы қасиетінің бірі – оған көп ауру жоламайды. Сондықтан қазақ балаға бесікті арша ағашынан жасаған, бұндай бесікке қызамық, қара шешек сияқты жұқпалы аурулар дарымайды.

Сәрсенбек
БЕКМҰРАТҰЛЫ

дейін микробтарды жояды. Орайы келгенде айтайын: осындай қасиетін біле тұра арша әлі Алматыда көгалдандыруға кеңінен пайдаланылмай отыр. Жаңа салынып жатқан шағынаудандарда отырғызу жұмысын қолға алған дұрыс деп ойламын. Қайсыбір жылдары «Алматы ақшамы» газеті осы мәселені көтерген де болатын. Биология ғылымдарының докторы, профессор Келіс Нұрмашұлы Жайлыбаев көлемді де маңызды

мақала жариялап, арша ағашын отырғызудың, күтіп-баптаудың және экологиялық пайдалы жақтарын жан-жақты атаған еді. Азғантай қозғау болды да, жалғасын таппады.

...Кешеден бері Үркер амалы жүріп жатыр. Тамыздың 15-іне дейін жалғасады. Бұл мезгілде шөп буыны қатаяды, малшылар шөп шабуға кіріседі. Ауа райы құбылып тұрады: кейде ұзаққа созылған сібер жауын жауады, кейде қатты жел соғады. Қой жауынға арқасын төсеп жайылмай тұрып алады, мұны кейбіреулер «қойдың ораза ұстауы» деп атаса, кей жерлерде жайлауға шығып үй тіккендегі «туырлық жәйі» деп атайды. Кейде сарша тамызға жалғасқан қапырық ыстық болады...

Өткенде ай тігінен туды. Көнекөздер айдың бұлай туысын жақсылыққа балаған. Ауа райы шаруаға қолайлы болады деп есептеген. Қазақ жұрты Айды киелі санаған. Ай арқылы ауа райын алдын ала болжап отырған.

Бүгін григориан бойынша, қолданып жүрген айдың – 9-ы. Ай есебімен – 4-і,

қазақша 5 күннен кейін тамыз айы басталады. Апта айдың алғашқы онкүні мен басына және ортасына сәйкес келіп тұр. Бұдан шығатын қорытынды ауа райы құбылмалы болады, жаңбыр сирексиді, жартылай бұлтты, көбіне айқын күндер орын алады. Бірақ қалай болғанда да күннің жылылығы немесе ыстығы сақталады.

Десек те, ендігі амалдардың бәрі суықты шақырады. Таразы туды, енді сүмбіле туады. Таң да, су да суытып жатыр. Тамыз айының өзін қазекен суық ай – сүмбіле деп атаған. Қазір теке сүмбіле жүріп жатыр.

Осыдан бірер күн бұрын Абай облысында нөсерлі жаңбыр жауып, соңы бұршаққа ұласты. Жұмыртқаның үлкендігіндей бұршақтар шаруаның көктемнен бергі табиғаттың тосын оқиғаларымен алысып жүріп өсірген бақшасын тас-талқан етті. Еңбек еш болды деген осы. Ауа райына сеніп болмайды. «Сақтансаң – сақтаймын» дегенді естен шығармаған дұрыс...

БАБАЛАР БОЛЖАМЫ

Табиғат
құбылыстарына қарай
жасалған жорамал:

* Ертеңгі күн құлақтанса,
еліңді жсау шапқандай қорық,
кешкі күн құлақтанса, келінің ұл
тапқандай қуан.

* Ай бұлықғыр болса –
жаңбыр жсауатынын, ашық
болса – шуақты болатынын
білдіреді.

* Жазда құйын көп болса, қыс
аязды болды.

* Жаз найзағайлы болса, қыс
жайлы болады.

ЕЗУТАРТАР

КҮЛКІ ДЕ ВИТАМИН



Әйелі:
– Үйленбей тұрып неге кедей
екеніңді айтпадың?
Күйеуі:
– Айттым ғой, барым да, нарым да
сен! – деп.

– Ескі пальтомның түймелері
үзіліп бітті. Киюге ұят тіпті!
– Ештеңе жоқ, ертең сатып
әперем.
– Пальто ма?
– Жоқ, түйме әперем.

– Жаным, мен бес шыбын өлтірдім,
үшеуі еркек, екеуі ұрашы екен, – депті
отағасы жұбайына.
– Еркек-ұрашы екенін қайдан
білдің? – дейді зайыбы таңданып.
– Үшеуін стаканға, екеуін теле-
фонға жабысып отырған жерінен
сарт еткіздім ғой.

Бір қарт кісі кемпірін «жаным,
жаным» дей береді екен. Ұялған немересі
«ата, атымен айтсаңшы, біртүрлі екен»
десе, атасы:
– Атын ұмытып қалсам
қайтем, – депті.

Бес жасар Азамат әкесінің төбені
сырлап жатқанына қызыға қарап тұр.
– Балам, қарап, үйреніп ал. Кейін

өскенде әкеңе көмектесесің, – деді
анасы.

– Мен өскенше әкем сырлап бітпей
ме, сонда? – деді кішкентай Азамат
таңқалып.

Баласы қайта-қайта бұзықтық
жасап, мектепке жиі шақырыла
беретін әкесі баласына қарап:

– Сен дәу жігітсің, енді ақылды
бол, балам! Сенің бұзықтығыңды
көтерем деп, шашым да ағарып
барады. Әкеңе жаның ашыса, енді
ақымақ болмашы, жарай ма, – деді.
Сонда ұлы:

– Бәсе, атамның шашы неге аппақ
десем, атама жаныңыз ашымаған
екен ғой, – деген екен.

Қожанасыр етікшіге етік тік-
тіріпті. Етікші:

– Бір аптадай аяғыңызды аздап
қысуы мүмкін, сосын қалыпқа түсіп
кетеді, – дейді.

Қожанасыр үйіне келіп, етікті
әйеліне беріп жатып:

– Мынаны бір жерге тығып қой, бір
аптадан соң берерсің. Әйтпесе,
аяғымды қысады екен.

Басшы көмекшісіне:

– Мен саған бір сағаттық баяндама
дайында деп едім ғой. Ал мен екі сағат
оқыдым! – деп шүйлікті қабағын
қайшылап.

– Өзіңіз ғой, көшірмесін қоса алып
кеткен...

Басшының қабылдауында.

– Мен жазды сондай жек көремін.
Күн ыстық, терлей бересің, – дейді
көмекшісі.

– Алаңдама, біз сені еңбек демалы-
сына қыста бір-ақ жібереміз.

Әзірлеген Нұр ЖАМАЛ.

КАРИКАТУРА СӨЙЛЕСІН



Карикатураны салған Ғалым СМАҒҰЛҰЛЫ.

